

ӘРБІР ӘКІМ
ӨЗ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ
ТІКЕЛЕЙ ЖАУАПТЫ

2-бет



ПОЛИЦИЯ –
ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ
БОЛУҒА ТИІСТІ

6-бет



БҰЛ КҮНГЕ ДЕ ЖЕТТІК!
Астанамызда Алаш көсемдеріне ескерткіш орнатылғаны – саяси әділеттілік!

16-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ
www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №28-29 (950-951) 19 – 28.07.2021 jyl



## ЕКІ ЖАМПОЗ

Биыл Қазақстанның Халық артисі, әйгілі актер, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұловтың туғанына 125 жыл болды. Сондай-ақ атақты композитор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Латиф Хамидидың дүниеге келгеніне де 115 жыл толып отыр.

8-9 бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АУЫЛДЫҢ АХУАЛЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ



3 бет

– Әкімдіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан дұрыс шешім қабылданбаған. Жүйелі әрі нақты жұмыс атқарылмаған. Соның кесірінен шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтуда. Әрине, қуаңшылық – табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінемін. Дегенмен, бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ең алдымен, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және батыл шешімдер қабылдауы қажет еді. Бірақ, министрлік бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра алған жоқ. Сондықтан осы салаға бірден-бір жауапты тұлға ретінде министр Сапархан Омаровтың отставкаға кеткені дұрыс деп есептеймін, – деді Президент.



# ҚАЗАҚСТАНДА БАНКТІК АЛАЯҚТЫҚ КӨБЕЮДЕ

Несиелер біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды, күнделікті өмірде біз оқуға, сатып алуға, демалысқа, отбасылық шараларға, тіпті үйлену тойларына несие аламыз. Несие кейбір маңызды жоспарларды жүзеге асыруға, бұл өмір сүру сапасын жақсартуға, қажетті заттарды сатып алуға мүмкіндік береді: тұрмыстық техника, жиһаз, автокөлік, жер телімін, үй және т.б.

10 бет



## ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Бірде «бауырым» деп, бірде «жаным» деп, шын жүрегімен елжіреп тұратын Ибрагим ағамның бейнесі көз алдымнан кетпейді. Ақын ағам бұл сөзді маған ғана айтпайтынын да жақсы білемін. Бірақ, неге екенін қайдам, тек маған ғана айтатын сөзіндей қабылдаушы едім.

7 бет

# ЗАЧЕМ ОТКРЫВАТЬ РУССКИЕ ЦЕНТРЫ?

## ПОЛИТОЛОГ ВЫСКАЗАЛСЯ ПРОТИВ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРУКТУР В КАЗАХСТАНЕ



11 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380



# ӘРБІР ӘКІМ ӨЗ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ ТІКЕЛЕЙ ЖАУАПТЫ

**Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерімен ауыл әкімдерін сайлау мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, бұл аса жауапты науқанға қатысты нақты тапсырмалар берді.**

– Осы оқиғаны еліміздің тарихындағы айтулы белес деп айтуға болады. Негізі, бұл біз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Азаматтарымыз тұңғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болмақ. Біз бұған біртіндеп, жоспарлы түрде келдік, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының 40 пайыздан астамы ауылда тұратынына тоқталып, бұл саяси шара, ең алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесі үшін жасалып жатқанын жеткізді. «Алдағы сайлау біз жүзеге асырып жатқан саяси реформаларға тың серпін береді деп сенемін. Сондай-ақ тұрғындарды ел басқару және шешім қабылдау үдерісіне тартуға жол ашады» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы партиялық бәсекені күшейту мәселесіне назар аударды. Партиядан үміткер ұсыну мемлекеттің институционалдық тұтастығын бекемдей түседі және саяси үдерістің барынша ашық болуына септігін тигізеді. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті атқарушы биліктің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс екеніне баса мән берді.

– Әкімдер – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі. Жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайды. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін алдағы сайлауды дұрыс ұйымдастыру өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

# ЕЛІМІЗДЕ ЕРІКТІЛЕР САНЫ ЕСЕЛЕП ӨСІП КЕЛЕДІ

**Алматы облысының Қапшағай қаласында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында «Asyl jurek» республикалық волонтерлер слеті өтті. Іс-шараға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тлепов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Арслан Дәндібаев, жастар ресурстық орталықтарының өкілдері және волонтерлер қатысты.**

Республикалық слеттің басты міндеттері - республиканың үздік волонтерлік топ жетекшілерінің тәжірибе алмасуы, оларды өзара ынтымақтастыққа шақыру, волонтерлік бағыттар бойынша біліктілікті арттыру. «Мемлекеттің көздегені - халықтың волонтерлікке деген қызығушылығын арттырып, олардың күнделікті қайырымды істерге қатысуын дәстүрге айналдыру. Бұл бағытта бірқатар нақты қадамдар жүзеге асуда. Бірінші, заңнамалық деңгейде өзгерістер енгізу аясында, волонтерлерге оқуға түсу және жұмысқа орналасу кезінде жеңілдіктер беру, басқа да құқықтар мен міндеттерді кеңейту көзделуде. Екінші, өткен жылы құрылған волонтерлердің республикалық және 17 өңірлік фронт-офистерінің жұмысы жаңа қарқын алды. Үшінші, бірқатар қайырымдылық және әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар Мемлекет басшысының бастамасы бойынша қолға алынған «Қайырымды істер марафоны» шеңберінде іске асып жатыр. Төртінші, былтыр БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлерді жұмылдырудың Халықаралық жылын жариялау туралы бастамасын ұсынды. Осы идеяны соңына дейін жеткізу мақсатында халықаралық серіктестермен бірлескен жұмыстар жүргізілуде», - деп атап өтті Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тлепов. 2020 жылы пандемиямен күресте 500 000 волонтер күш біріктіріп, еліміздің 1 миллионға жуық азаматына көмектесті. Бүгінде Алматы облысында волонтерлер саны екі есе артып, 7 мыңға жетіп отыр.



# ШЫҒЫСТА «ШІЛІКТІ» САПАР ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

**Қазақ елінде қасиетті орындар өте көп. Олардың бәрінде қазақтың қайталанбас тарихы, ұлтымыздың ізі қалған. Мәдениетіміз мен өнеріміздің өшпес мұраларының да куәгері сол қасиетті орындар. Оны бағалай білу бүгінгі ұрпақтың тікелей міндеті.**

Елімізде қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында «Шілікті» сапар орталығы салынады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен бой көтеретін ғимарат «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты «Шілікті» қорғандарын көруге келушілердің санын арттыру, туристерге кеңінен насихаттау және жайлылықты қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған. Сапар орталығында заманауи үлгіде жабдықталған мұражай залы, қонақ үй ғимараты және ақпараттық-насихаттық орталық сынды бірқатар бөлімдер жобаланған. Зайсан өңірінде 6 тарихи, 21 мәдени - архитектуралық, 8 археологиялық ескерткіштер тіркелген. Өлкедегі тарихи ескерткіштердің бірі де бірегейі – «Шілікті» қорғандары. «Шілікті» қорымы Зайсан ауданы, Шілікті ауылының оңтүстік батысынан 3 шақырым жерде орналасқан. Ұзындығы - 80, ені – 30 шақырымды қамтиды. «Шілікті» қорғанының оңтүстігін Тарбағатай, шығысын Сауыр-Сайқан, солтүстігін Маңырақ таулары қоршап жатыр. Шілікті жазығы сақтардың алғашқы мемлекетінің ордасы тігілген қасиетті мекен, ерте сақтар заманындағы элитарлық ескерткіштердің бірегейі. Табиғаттың үйлесімді әсерінің және адамның ғасырлар бойы қызметінің салдарынан пайда болған тарихи-мәдени ландшафт аймақтың басты құндылығы болып табылады. Оның ең көп шоғырланған жерін Шілікті ескерткіштері деп атайды. Шілікті обасы б.з.б. VII-VI ғасырға жатқызылады, онда барлығы 51 оба бар.

# ҚҰРБАН АЙТ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшысы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт қарсаңында кәсіпкерлерге үндеу жолдады.**

«Қадірлі отандастар! Құрметті кәсіпкерлер! Мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айтқа санаулы күндер қалды. Ұлық күнде исі мұсылман баласы шынайы ниетпен құрбан шалып, құрбандық етін мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысады. Адамның алғысын алып, батасына бөлену – сауапты істің бірі. Халқымыз «Алғыс алған арымас. Бота алғанша бата ал» дейді емес пе? Құрбан айтта орындалатын негізгі ізгі амалдың бірі – құрбан шалу. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам баласы құрбан айт күні құрбан шалудан өзге амалымен Аллаға жақындаған емес...» дейді. Демек Құрбан айт күні Аллаға ұнамды әрі ең сүйікті амал – құрбан шалу. Айт күндері халық тарапынан мал сатып алуға деген сұраныстың арта түсетіні белгілі. Осы ретте еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын ұлық мейрам – Құрбан айттың құрметіне мал құнын шарықтатпай, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға шақырамын. Сонымен қатар, барша кәсіпкерлерді тұрғындар күнде тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасына мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін» делінген ҚМДБ таратқан бас мүфтидің үндеуінде. Оның айтуынша, Құрбан айттың негізгі мәні - мұсылмандар арасында өзара мейірім, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Ұлық мереке құтты болсын!

# ЖАСТАР ЖОБАСЫНА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және UNICEF еліміздегі жастар жобасын жүзеге асыруда күш біріктіріп, бірлесе әрекет етеді.**

Бағдарламаның бастамашылары: БҰҰ Балалар қоры (UNICEF) және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Samgau (Upshift) бағдарламасы жастардың әлеуметтік осал бөлігінің, соның ішінде NEET санатындағы жастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Бүгінде жоба еліміздің алты өңірінде Жастар ресурстық орталықтарының негізінде жүзеге асырылуда. Сондай-ақ өмірлік маңызы бар дағдыларды оқыту бойынша 30-дан астам семинар, 2 онлайн буткамп өткізілді. Бұған қоса, бағдарлама аясында 13 команда шағын гранттар алып, өз жобаларын жүзеге асыруда. «Қарқаралы ауданының жастары арасында, жақында біздің ЖРО базасында бизнес негіздері, әлеуметтік кәсіпкерлік, тайм менеджмент, сыни, дағдылар, топтық жұмыс сияқты өмірлік маңызды дағдыларға тегін оқуға мүмкіндік пайда болды. Бұл Samgau UPSHIFT жобасының арқасында мүмкін болды. Жоба аясында ЖРО-да барлық қажетті заттармен жабдықталған кабинет ашылды. Онда ерекше қажеттіліктері бар жастарға (АИВ инфекциясы және басқа да созылмалы аурулары, мүгедектігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар) басты назар аударылатын болады», – деп атап өтті Қарқаралы ауданының ЖРО басшысы Қобыланды Ерсайын.

# ӨЗГЕ ҰЛТ ЖАСТАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕДІ

**Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктердің жас өкілдері үшін қазақ тілін қолданудың кеңейту мақсатында арнайы жазғы оқыту бағдарламаны ұйымдастырды.**

Атап айтқанда, еліміздің түкпір-түкпірінен 50-ге жуық бала мен түрлі этностардың жастары Павлодар облысының көркем жері - Баянауыл ұлттық саябағында өткен «ҚХА этномәдени бірлестіктеріне арналған Тіл мектебіне» қатысты. Мектептің мақсаты - мемлекеттік тілдің этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануына атсалысу. Осылайша, ұйымдастырылған сабақтарда мемлекеттік тіл туралы жастардың білімдерін шыңдап қана қоймай, сонымен өз этностарының мәдениеті, тарихы, асханасының ерекшеліктерімен танысыру, жарыс ойындары аясында, сондай-ақ Павлодар облысының көрікті жерлерін зерделеу барысында мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік алды.

# МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасының бастамасымен ұйымдастырылған шара Тараз, Талдықорған, Орал қалалары мен Алматы және Ақмола облыстарында да қолға алынып, 1000 отбасыны қамтыды.**

Іс-шара аясында мұқтаж отбасыларға ұн, картоп, жеміс, күріш, қарақұмық, шәй, қант, күнбағыс майы сияқты азық-түлік пен гигиеналық заттар берілді. Қайырымдылық шарасына іліккен әр отбасы 130 келіге дейін тауар алып отыр. Короновирус пандемиясы кезінде көп адамдар жұмыстарынан айырылып қалды. Көп отбасылардың жалақасы белгілі бір мөлшерде қысқарып, бұл жағдай олардың әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер етті. Осы орайда біз «Елбасы жылулы» идеясын қолға алып, оны қарқынды жүзеге асырудамыз. Бұл қайырымдылық іс-шара шілденің 15-іне дейін жалғасын табады», – деді Нұрсұлтан Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары Әлкей Марғұланұлы.

№28-29 (950-951) 19 – 28.07.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысын өткізді. Бейнебайланыс режимінде өткен жиынға Премьер-Министр Асқар Мамин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.**



## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АУЫЛДЫҢ АХУАЛЫНА БАСА НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шара барысында биылғы бірінші жартыжылдықтағы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған міндеттер анықталатынын айтты.

– Індетке және шектеу шараларына қарамастан, ел экономикасы жарты жыл ішінде 2,2 пайызға өсті. Бұл – қуантарлық жайт. Былтыр пандемияның салдарынан ішкі жалпы өнім 2,6 пайызға төмендеді. Біз оны тезірек қалпына келтіруіміз керек. Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралармен және карантиндік шектеулермен бірге әлемдік экономиканың жандануы іскерлік белсенділіктің қайта қалпына келуіне септігін тигізді. Біздің міндетіміз – екінші жартыжылдықта экономика өсімінің қарқынын арттыру, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жаңа штамдардың бітпейтін толқындары коронавирустың біздің өмірімізге мықтап енгенін көрсетеді. Мұндай жағдайларға бейімделіп, өмір сүруді үйрену қажет. Індет таралған ірі ошақтардың пайда болуын азайту және денсаулық сақтау жүйесіне шектен тыс салмақ түсуіне жол бермеу – өзекті міндет.

– Күрделі жағдайлар мен өлім-жітімді азайту, сондай-ақ, ауыр халдегі науқастарды емдеуге баса мән беру керек. Коронавирусқа қарсы күресте өзгеше әдістерді пайдалану тек медициналық аспектілерге ғана емес, бизнестегі шектеу шараларына да қатысты. Мониторинг жүргізу топтарының жұмысын қайта қарап, Ashyq жүйесі сияқты цифрлық шешімдерді белсенді пайдалану қажет. Шағын және орта бизнес қызметкерлерін вакциналау мерзімін науқаншылыққа ұрындырмай, шынайы жүргізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент вакциналауға қатысты жалған құжаттар жасау деректеріне назар аударып, оның қоғам үшін өте қауіпті жағдай екенін атап өтті. Сондықтан құқық қорғау органдары осы мәселеге баса назар аударуға тиіс. Мемлекет басшысының пікірінше, азаматтарымыз өздерінің және жақын туыстарының денсаулығын ойлап, саналы түрде шешім қабылдауы керек.

– Антивакцерлердің қауесет, даңғаза әңгімелеріне сенудің қажеті жоқ. Сондықтан біз екпе салу науқанын жалғастырамыз. Ал, кейбір жекелеген салаларда міндетті түрде вакцина салдыру қажет болады. Бұл үшін заңнамалық та, конституциялық та негіз бар. Турасын айтсақ, бұл – әркімнің өз отандастары алдындағы міндеті, парызы, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар үшін қол жетімді вакциналы, соның ішінде, халықаралық деңгейде мойындалған екпенің көлемін ұлғайту қажет екенін айтты.

– Былтыр мен тиісті тапсырма бердім. Бірақ компанияның Қазақстанға бөлген Pfizer вакцинасын жеткізу ісі тоқтап қалды. Қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес, Pfizer компаниясы Қазақстанға биыл мамыр айында 2 миллион доза вакцина жеткізуді жоспарлаған. Үкімет екпе жеткізу ісінің тоқтап қалуын Pfizer қойған бірқатар талаптармен байланыстырады. Бірақ аталған шарттар – вакцина сатып алатын барлық ел үшін бірдей стандарт. Жуырда жаңа ұсыныс келіп түсті. Онда бүкіл іс-қимыл алгоритмі қамтылған. Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қоюы керек дейді. Егер қажет болса, мұны істеуге дайынмын. Үкіметке, Президент Әкімшілігіне қалыптасқан ахуалды тексеріп, біздің нарық үшін қажетті осы екпенің жеткізілуіне кедергі келтірген лауазымды тұлғаларға қатысты шара қабылдауды тапсырамын. Түптеп келгенде, біз азаматтарымыздың өздері қалаған екпені салдыруына мүмкіндік беруіміз қажет. Pfizer вакцинасына қол жетімділік мәселесін қысқа мерзім ішінде шешу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, пандемия білім сапасына кері әсерін тигізді. Сондықтан өткен оқу жылындағы жіберілген кемшіліктердің орнын толтырып, жаңа оқу жылында көштен қалып қоймауымыз керек.

– Мұның бірден-бір жолы – оқытудың бұрынғы форматына көшу. Үкіметке жаңа оқу жылында оқушылар мен студенттердің дәстүрлі оқу жүйесіне оралуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Коронавирустың жаңа штамдары пайда болып жатқан кезде бұл міндетті орындау оңай емес екенін түсінемін. Сол себепті оқушылар мен мұғалімдерді барынша қорғайтын кешенді тәсіл әзірлеу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент дағдарысқа қарсы қабылданған шараларға байланысты қаржының тым көп салынуы және жеңілдетілген ақша-несие саясаты инфляцияның қарқынын күшейтіп жіберді деп санайды. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының мәліметі бойынша азық-түліктің әлемдік бағасы 40 пайызға өскен. Бұл – он жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Осындай жағдайда еліміздегі инфляция деңгейі бірінші жартыжылдықта 7,9 пайызға жетті. Азық-түлік бағасының қымбаттауы аса өзекті проблемаға айналды. Пандемия азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан еліміздің осал тұстарын айқындап берді.

– Отандық ауыл шаруашылығы саласының ішкі нарықты негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете алмауына қатысты айтылып жатқан сын өте әділ. Өндірістік шығындардан бөлек, маусымдық қымбатшылық пен делдалдық әрекеттердің ашық болмауы баға белгілеудің негізгі факторлары болып табылады. Аты айтып тұрғандай, тасымалға маусымдық болжам жасауға болады. Демек, оны реттеуге де болады деген сөз. Аталған мәселені шешудің жолы – келесі маусымға дейін өнім сақтайтын заманауи әрі қол жетімді инфрақұрылым қалыптастыру. Көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жөнінде бірнеше рет тапсырма берілді. Бірақ жағдай жақсарған жоқ. Бұл проблеманы жүйелі шешу керек. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Осы мақсатты қолдау үшін біздің көптеген бағдарламаларымыздан қаржы бөлінізден, – деді Мемлекет басшысы.

Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұрудың қазіргі тетіктерінің тиімділігін бағалау және жаңа әрі тиімді шаралар топтамасын ұсыну тапсырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев нарықты өзіне ынғайлап алатын, өндірушілер мен тұтынушылардың есебінен үстеме пайда табатын жасырын делдалдардың көбеюіне жол бермеу қажеттігін айтты. Оның пікірінше, өңірлерде осындай делдалдық әрекеттерді тергеп-тексеру жөнінде комиссия құру қажет. Мемлекет басшысы шаруаларды жем-шөппен қамтамасыз етуді тағы бір алаңдатып отырған мәселе ретінде атап өтті. Оның айтуынша, ауа-райының қолайсыздығынан және болжам жасау жұмысының тиімсіздігінен ахуал ушығып кеткен. Бір ғана Маңғыстаудың өзінде 3 мыңға жуық мал қырылып қалған.

– Әкімдіктердің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан дұрыс шешім қабылданбаған. Жүйелі әрі нақты жұмыс атқарылмаған. Соның кесірінен шаруаларымыз тығырыққа тіреліп отыр. Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтуда. Әрине, қуаңшылық – табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінемін. Дегенмен, бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ең алдымен, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және батыл шешімдер қабылдауы қажет еді. Бірақ, министрлік бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра алған жоқ. Сондықтан осы салаға бірден-бір жауапты тұлға ретінде министр Сапархан Омаровтың отставкаға кеткені дұрыс деп есептеймін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы саласына қатысты өткір пікірін босқа айтқан жоқ. Өйткені бұл сала халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге міндетті стратегиялық маңызға ие. Биылғы қуаңшылыққа қатысты егістік пен мал өнімдерін өндіру деңгейі айтарлықтай төмендемекші. Осыған байланысты азық-түліктің бағасы да қымбаттайтыны белгілі. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күні айрықша маңызды болып отыр.

Жиын барысында Үкімет пен әкімдерге «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, зиян шеккен фермерлерге қолдау көрсету үшін шұғыл түрде кешенді шаралар әзірлеу жөнінде тапсырма берілді. Мемлекет басшысы тұрғындардың нақты әрі номиналды табысының өсімі азайып, табыс түрлеріндегі өзгерістер де көңіл көншітпейтінін айтты. Сондай-ақ Президент зейнетақы, жәрдемақы және стипендия сияқты әлеуметтік трансферттер артқанымен, еңбек табысы азайып бара жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағытта шұғыл әрі ауқымды шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл шаралар еңбек табысы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түсетін табысты арттырып, көлеңкелі экономиканың ауқымын азайтуға және басқа да бастамаларды қамтуға тиіс.

– Ауылдың ахуалына баса назар аудару қажет. Менің тапсырмам бойынша Жамбыл облысында ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылды. Нәтижесі жаман емес – ауыл шаруашылығы өнімін өндіру екі есеге артты, мал басы 24 пайызға өсті. Жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, тіркелмей өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны азайды. Үкімет бұл жобаның ауқымын кеңейту мүмкіндігін қарастыруы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, жол жөндеу жұмыстарының сапасына байланысты айтылатын сындар орынды. Бұл, әсіресе, ақылы жолдарға қатысты өзекті болып отыр.

– Жуырда алысқа жүк тасымалдайтын жүргізушілер наразылық білдірді. Ақылы жолдарды енгізу – әлемдік тәжірибеге сай дұрыс шешім. Алайда, біз сияқты жер көлемі үлкен елде тек бюджет есебінен жол салу мүмкін емес. Оның үстіне, Қазақстан жүк тасымалынан пайда табуы керек. Бірақ ол үшін сапалы жолдар салынып, жол бойында жоғары деңгейде қызмет көрсетілуі керек. Бизнес пен азаматтар жол инфрақұрылымының жаңа сапасын сезінуі қажет. Үкімет аталған мәселені ерекше бақылауға алғаны жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Энергетика министрлігі мен «Самұрық Қазына» қорына, соның ішінде, «Қазмұнайгаз» компаниясына жанар-жағар май нарығына ықпал ететін мұнай өңдеу зауыттарындағы ахуалды қатаң бақылауға алуды, сондай-ақ, Үкіметке Қормен бірлесіп, Атырау мұнай өңдеу зауытының жоспардан тыс тоқтап қалуына байланысты жағдайға кінәлілерді жауапқа тарту жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Қаржылық мониторинг агенттігі мен Есеп комитеті Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында қаржыны жылыстатуға байланысты астыртын әрекеттердің бар-жоғын тексеріп, оның нәтижесі туралы қыркүйектің басында есеп беруі тиіс.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы туралы айтты. Мемлекеттік қызметшілер еліміз үшін осындай сын сағатта жұдырықтай жұмылып, батыл қадамдарға барып, өздерінің қарым-қабілеттерін көрсетіп, шұғыл шешімдер қабылдауы қажет екенін мәлімдеді.



# ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІН ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚЫСЫП ТҰР

**Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов Қызылорда облысындағы бірнеше аудандарды аралап, көпшілікті толғандырған мәселелермен танысып, халықтың ұсыныс-тілектерін тыңдады.**



Халық қалаулысы Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарынынан шалғай орналасқан Бөген, Жаңақұрылыс, Шәкен, Асқар, Көктөбе ауылдары мен Жаңақорған кенті, Кейден ауыл округі барып, ауыл халқымен, кәсіпкерлермен, құмда отырған малшылармен жүздесіп, жергілікті жердегі түйткілді мәселелерге құлақ асты. Кәсіпкерлер санитарлық талаптардың әділетсіздігіне наразылығын жеткізді.

Аймақта болған кездесулерде ауыл тұрғындары басты мәселе қуаңшылық, жайылымдық, шабындық жерлерді суландыру, төрт түлік малға қажетті жем-шөп, жол мәселесі қиындық тудырып отырғанын баса айтты.

Сапар барысында Мәжіліс депутаты Тайпаққөл, Қандыарал көлдер жүйесі мен Басқарма, Көкарал су торабының қазіргі жағдайымен танысты. Халық қалаулысының Сыр өңіріндегі сапары жалғасуда.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалы*

# САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАДАН АУЫТҚЫМАУЫМЫЗ КЕРЕК

**Мәжіліс депутаты Андрей Линник Әулие ата аймағына іссапармен барды. Сапар барысында облыс әкімі Бердібек Сапарбаевпен кездесті.**

Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қолға алынған шаралар, пандемиялық ахуалға байланысты Жамбыл облысында қалыптасқан жағдай мен денсаулық сақтау саласында ілкімді істер туралы айтылды.

– Медициналық қызметтің сапасын назардан тыс қалдырған емеспіз. Тараз қаласының іргесінен көпбейінді аурухана тұрғызылуда. Індетке қарсы вакцина өндіретін зауыттың да құрылысы аяқталуға жақын. Өңірде дәрігерлердің науқастарға қызмет етуіне барлық жағдай жасалуда», – деді өңір басшысы.

Мұнан соң халық қалаулысы Жамбыл облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиевпен жүздесіп, денсаулық саласында еңбек етіп жүрген бірқатар дәрігерлерді «Жанқиярлық күресі үшін» медалімен марапаттады.

Бұдан кейін депутат облыстағы партия мүшелерімен, мәслихат депутаттарымен, кәсіпкерлермен онлайн режімде жиын өткізді. Жиында кәсіпкерлердің ұсыныс-пікірлері мен мәселелерін тыңдап, ауыл әкімдеріне кандидаттарды ұсыну бойынша партия ұстанымдарына тоқталды. Мәжіліс депутаты филиал кеңсесіндегі Алаш қайраткерлеріне арналған бұрышпен танысып, оған жоғары баға берді.

– Біз Алаш идеясын қолдайтын, халықтың игілігін көздейтін, кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтын партиямыз. Осы жолда отқа да, суға да түсуге әзірміз. Бұл орайда, сайлауалды бағдарламамыздың негізінен ауытқымауымыз керек. Онда барлығы көрсетілген, - деп атап өтті А.Линник. Халық қалаулысы сапары аясында Жамбыл өңіріндегі бірнеше кәсіпкерлік нысандарды аралауды жоспарлап отыр.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының Жамбыл облыстық филиалы*



# СОЛТҮСТІКТЕ ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕ КӨП

**«Ақ жол» партиясының депутаты Ерлік Өмірғали Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Петропавл қаласы бойынша тұрғын үй құрылысын аралап көрді.**

Кәсіпкерлер мен құрылысшылар Солтүстік Қазақстан облысының барлық аумағында құрылыс материалдары өндірісінің болмауы мәселелерімен жүгінді. Шикізат басқа қалалар мен Ресейден әкелінеді, бұл сәйкесінше тұрғын үйдің қымбаттауына және білікті кадрлар тапшылығын туындатады.

Мұнан соң депутат қаладағы 1973 жылы салынған «СҚО әкімдігінің Мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ-де болды.

- Мұрағат қоймасы көптеген жылдар бойы құжаттармен толып кетті. мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардан құжаттарды сақтауға қабылдау мүмкіндігі шектеулі. Ауылдық жерлерге қарағанда облыс орталығында халық көп тұрады және архивке өтініштер көп түседі, архив ғимаратына жақын және алыс шетел азаматтары да келеді. Мұрағатың 14 филиал бар: 1 қалалық және 13 аудандық. Оның ішінде 7 филиал ғимаратты жалға алдық. Аталмыш филиалдар ғимарат құрылысына мұқтаж, - деді архив басшысы.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағатына қатысты өзге де шешілмеген мәселелер жиналып қалған, олардың бірі - қойманың толып кетуі. Қазақстанда мұрағаттар Комитеттің қарамағына берілген. Комитет бірнеше рет түрлі министрліктер мен ведомстволарға бағынышты болған. Бұл жағдай мұрағат саласына оң әсерін тигізбей тұр. Бүгінгі күні шешімі табылмаған өзекті мәселелер аз емес. Мұрағаттың қазіргі мәртебесі, оның нақты мүмкіндіктері мен қаржыландырылуы саланы тиімді басқаруды қамтамасыз етпей отыр.

Бұдан соң депутат Петропавл қаласындағы жылыжайбақшасының қызметкерлерімен кездесті. Бақша 10 жылдан астам уақыт бұрын салынған, мәртебесі заңмен бекітілмеген, сәулеттік құрылыста пайдалану нормалары сақталмаған. Қазіргі уақытта ботаникалық бақтың алдында биік ғимарат салынуда, ол ерекше өсімдіктердің күннен нәр алуына кедергі келтіруде.

Халық қалаулысы кездесуде айтылған барлық мәселелер «Ақ жол» фракциясының алдағы жұмысында қаралатынын жеткізді.

*«Ақ жол» демократиялық партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы*



# МҰНАЙЛЫ ӨҢІРДІҢ ДЕ МҰҢЫ БАР

**«Ақ жол» партиясының депутаты Атырау облысындағы бірнеше кәсіпорынның жұмысымен танысты. Мұнайлы өлкеде іссапарда жүрген «Ақ жол» партиясының депутаты Серік Ерубаев Махамбет ауданына барды. Сапар барысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркінің» ұжымымен кездесті.**

Мұнан соң депутат «Бірінші мамыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шаруа қожалығымен танысты. Серіктестік бүгінде Атырау тұрғындарын сүтпен қамтамасыз етіп отыр. Кәсіпорын мамандары мүйізді ірі қара малдың азығы жүгері, люцерн, судан шөбін өздері өсіріп отыр.

Өңірде төрт-түлік малға жем-шөп дайындау жайы бұрыннан көкейтесті мәселелердің бірі екенін, ал биылғы қуаңшылық кезінде жағдайдың ушыға түскенін бірауыздан айтты. Аудан тұрғындары жыл сайын қажетті мал азығын көршілес облыстардан сатып алуға мәжбүр. Бұл өз кезегінде көптеген қаржылық қиындықтар тудыратыны белгілі. Халық қалаулысы бұл мәселені партия фракциясының күнтәртібіне ұсынып, шешу жолдарын қарастыруға ықпал жасайтынын жеткізді.

Сондай-ақ депутат аймақтағы NCOC компаниясының өндіріс нысанындағы Солтүстік Каспий жобасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыс барысымен танысты. D аралында, теңіз түбін тереңдету жұмыстары жүргізілетін аймақта, «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысында, Солтүстік Каспий мұнай төгілімдеріне ден қою экологиялық базасында (СКДЭБ), Қашаған кен орнының шикі газын өндейтін қуаты 1 млрд. текше метр газ өңдеу зауытының (ҚазТрансГаз) құрылыс алаңында болды.

NCOC компания өкілдері теңіз түбін тереңдету жұмыстары мен Солтүстік Каспий жобасы шеңберінде жергілікті қамтуды дамыту саласындағы жетістіктерінің арнайы тұсаукесерін жасады.

*«Ақ жол» демократиялық партиясы Атырау облыстық филиалы*




# КӘСІПОРЫНҒА МЕМЛЕКЕТТЕН ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

**«Ақ жол» партиясының депутаты Андрей Линниктің Әулие ата өңіріндегі жұмыс сапары жалғасуда. Халық қалаулысы аймаққа жасаған сапары аясында «Фабрика ПОШ-Тараз» фабрикасының өндіріс ошағымен танысып, жұмысшыларымен кездесті. Кәсіпорынды аралап көрген депутат бірқатар мәселелерге назар аударды.**

Фабрика ұжымы шикізат табу қиынға соғып тұрғанын, істі ілгерілету үшін мемлекет тарапынан қаржылай қолдау қажеттігін, онсыз кәсіпорын тұралап қауы мүмкін екенін баса айтты. Мұнан соң депутат Жамбыл ауданында орналасқан «Super Farm» ЖШС-на барды. Медициналық бұйымдар өндіретін нысанның тіршілігі бүгінде қызып тұр.

– Қазіргі пандемиялық жағдайда бұл кәсіпорынның маңызы жоғары. Өйткені, сіздер халықтың денсаулығына қызмет етіп жүрсіздер. Осындай жандардың «Ақ жол» партиясының мүшелері болғаны мені қуантады. Біздің қатарымыз қоғамға пайдасын тигізетін азаматтармен толыққаны жақсы, — деген халық қалаулысы осы мекеменің бірнеше қызметкеріне партиялық билеттерін табыс етті. Содан кейін партия филиалының ғимаратында қоғамдық қабылдау өткізіп, тараздықтардың жеке және тұралап қалған кәсіпкерлік нысандарына қатысты мәселелерін тыңдады.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының Жамбыл облыстық филиалы*

# АСТАНА ІРГЕСІНДЕГІ АУЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ШЕШІЛЕТІН БОЛДЫ

**«Ақ жол» партиясының депутаты Ерлік Өмірғали Ақмола облысына жұмыс сапары аясында елордамен іргелес Ақкөл ауданына қарасты Қараөзек ауылына арнайы барып, жергілікті тұрғындармен кездесті.**

Биыл маусым айының аяғында ауыл тұрғындары «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевке хат жолдап, елді мекеннің көкейтесті мәселелерін шешу үшін жергілікті биліктің назарын аудартуды сұраған болатын.

Ауыл тұрғындары бұл елді мекеннің ел астанасының іргесінде болғандықтан болашағы да зор екенін айтады. Білім алып, оқуларын бітірген жастар да туған жерге оралып, кәсіп ашып, еңбек етуде. Ауылда көптеген инфрақұрылымдар сақталған. Орта мектеп, мәдениет үйі жұмыс істеп тұр. Қараөзектіктер бес адамға арналған Хан киіз үй кешенін де салған. Дегенмен, ауылда шешілмеген өзекті мәселелер баршылық. Арнайы келген халық қалаулысына ауыл тұрғындары толғандырған мәселелерін жеткізді. Мұнда ауылға қатынайтын жөні бүтін жол жоқ, ауыз су тапшылығы да тұрғындарды толғандырады. Медициналық және полиция пункттері жұмысын жақсарту жайы да күнтәртібінде тұр. Ғаламтор желісін орнату жөнінде де айтылады.

Осы мәселелерге қаныққан депутат, аудан әкімі Алпысбай Қайыржановпен бірлесіп кейбір мәселені шешуге келістік. Мысалы, жаңағы жол, су және ғаламтор мәселелері әкімдіктің қаржыландыру арнасы арқылы шешілетін болды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы медициналық пунктті жақын елді мекенге орналастыруды өз бақылауына алды. Ал, полиция пункті осы ауылдың өзіне көшіріледі. Себебі, бұл ауыл округтегі елді мекендердің дәл ортасында орналасқан. Мектеп



ғимаратының шатырын жөндеу де шешімін табатын болды, – деді депутат Ерлік Өмірғали. Кездесу соңында ауыл адамдары өз мәселелерінің оңтайлы шешілетініне ризашылықтарын білдірді.

«Ақ жол» партиясы Қараөзектіктердің мәселелерін назарда ұстайды әрі сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру және сайлаушылардың өтініштерін орындау жұмыстарын жалғастырады.

*«Ақ жол» демократиялық партиясы Ақмола облыстық филиалы*



# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТ ЖЕРІНДЕ

Парламентке барғасын халықпен кездесуді екі айдан кейін алғаш Наурыз мейрамында туған жерден, Түркістан облысы Шардара ауданынан бастап едім.

Ол кезінде кеңінен жазылды баспасөзде.

Парламенттік каникулға шыққасын сайлаушылармен кездесу үшін ел аралауды Жер жәннаты Жетісудың жазиралы Жаркент өңірінен бастадым.

Алғашқы кездесу бүгін Жаркент қаласындағы Мәдениет үйінде мәдениет қызметкерлерімен өтті. Бірақ пандемияға байланысты атшаптырым залға шашырай орналасқан 60 шақты адамның ішінде ауылшаруашылығы, экономика сала-



сы өкілдері де, мұғалімдер мен дәрігерлер де, кәсіпкерлер де, еңбек ардагерлері де бар екен.

Жиын өте жақсы өтті. Халық бірінен соң бірі мінбеге шығып, өз пікірлерін, ұсыныс, тілектерін жарыса айтып жатты.

Жиында қозғалған ең басты мәселелер:

1.Мәдениет үйлерінің қиын жағдайы.

2.Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау.

3.Судың қымбаттап кетуі мәселесі.

4.Жер мәселесі, жайылым жайы және т.б

Мәселені толығырақ алда жазамыз.

Бір күнде 4 жерде кездесу өтті. «Мейірім» жүйке аурулары үйі, «Әулиеағаш» ауылдарында елмен кездестік.

Сонымен қатар, жоспарда жоқ болса да, «Ақ жолдың» депутаты Қазыбек Иса келіпті» деп естігесін, «Бізге келмей кетпесінші, өмірімізде тірі депутат көрген емеспіз» деп өкілдерін жіберген, жағдайлары өте ауыр, бір құдығының да суы жоқ болғасын, шуы көп «Қырыққұдық» ауылы... да бар...

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**
*qazaquni.kz*

# МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНЕ САПАРЫ ЖАЛҒАСУДА

**«Ақ жол» партиясының депутаты Дәния Еспаева, партияның Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Асқар Садықов Мұғалжар ауданына барды.**

«Ақжолдықтар» алдымен Қандыағаш қаласындағы №1 жалпы білім беру орта мектебінің жаңа ғимаратын аралады. Ғимарат 2017 жылы 1 қыркүйекте пайдалануға берілген. 2019-2020 оқу жылын 876 оқушымен аяқтап, 44 түлек бітіріп, 6 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған.

Сондай-ақ, халық қалаулысы Ахмет Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің музыкалық кабинеттеріндегі жабдықталу жағдайымен танысты.

Мұғалжар аудандық ауруханасының жөндеу жұмыстары жүргізілген 3 және 4 қабаттарында орналасқан терапия бөлімін аралап, жаңадан ашылған «MEDLIFE+» медициналық гемодиализ орталығының жұмысымен танысты.

Мұнан соң кәсіпкерлер палатасында Ақтөбе облысының кәсіпкерлерімен кездесіп, Парламентте қаралып жатқан бірқатар заң жобаларына қатысты



пікір білдірді және кәсіпкерлердің өзекті мәселелерінің шешу жолдарын талқылады.

Сонымен қатар, Мәжілісімен металл конструкциясы зауытына барды. Кәсіпорында 200-ден астам жұмысшы еңбек етеді. Зауыт ұжымы пандемияға қарамастан барлық жұмыс орындары сақталып, тұрақты түрде жалақы алып отырғандарын айтты.

«Глобал Спецодежда ӨБ» ЖШС арнайы киім тігетін ірі кәсіпорында 200-ге жуық қызметкерді жұмыспен қамтамассыз етіп отыр. Қазақстанның ірі компанияларымен арнайы киім тігуге ұзақ мерзімді келісімшартқа тұрған. Соның арқасында кәсіпорын басшылығы өндірісті кеңейтіп, жаңа цех салып, заманауи жабдықтар сатып алған.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының Ақтөбе облыстық филиалы*

# КӨКШЕЛІКТЕРДІ КӨШІ-ҚОН ЖАҒДАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

**«Ақ жол» партиясының депутаты Ерлік Өмірғали, партияның Ақмола облыстық филиалы төрағасының орынбасары Бақыт Смағұл Көкше өңірінің зиялы қауымымен кездесті. Халықтың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайы және ұлттық-рухани құндылықтар бүгінгі жиынның өзегіне айналды.**

Алғашқылардың бірі болып сөз алған өлкетанушы, профессор Жеңіс Темірхан көші-қон мәселесін көтерді. Солтүстік өңірдегі көші-қон жағдайына кеңінен тоқтала келіп, ұлттық-демографиялық ахуалдың сын көтертпейтінін, ұлт үшін қауіпті тұстарын атап көрсетті. Қазақ тілінің де шешімін таппай жатқан себебі осыдан туындайды деді. Тіпті, солтүстікке оңтүстік өлкелерден тұрғындарды қоныстандыруды атүсті емес, сындарлы саясат ретінде қолға алып, бұған ұлттық қордан мол қаражат бөлінуі тиіс екенін баса айтты.

Ал, қаламгер Дахан Шөкшір тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл болса да, билік өкілдері қазақ тіліне немқұрайлы қараумен келеді. Бұрын шұбар тіл еді, қазір сыңар тілге айналды. Тілі жоқ елдің тәуелсіздігінен қандай қайыр болады деп ащы болса да, шындық жайды ортаға салды.

Еңбек ардагері Есболат Дүйсенбаев оңтүстіктен көшіп келетін адамдарды солтүстіктің суығы емес, тілдің шұбарлығы қатты алаңдатады. Ол жақтан бір ауыз орыс тілін білмей келетін жандар мында келгесін өз ана тілінен алшақ қалады деп ой қосты.

Балталы Сәрсенбаев, Қуандық Жақып сынды ел ағалары қазақтың өз еліндегі өгейліктің кебін киген көріністері жайлы әңгімеледі. Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Әлиев мемлекеттің кадр саясатын сынға алды. Жуырда тағайындалған Ауыл шаруашылығы министрін мысал ретінде ұсынды. Бір орында тапжылып көп істемеген, ауыл шаруашылығына да еш қатысы жоқ адамды қалай ғана бұл салаға басшы етеді. Парламент осы мәселені де бақылауға алуға тиіс екенін атап көрсетті.

Сонымен бірге, ардагер Мұса Елеусізов, ғалым Сәбит Жәмбек, желтоқсаншы Дәурен Жарылғасов қоғамдағы сыбайлас жемқорлық және басқа да кем-кетік істер жайлы мәселені көтерді. Мұрат Ыдырысұлы Парламент заңды қазақ тілінде әзірлеп, талқыламайынша, тіл мәселесі шешілмейді деді.

Одан әрі ол «Абылайдың қара жолы» экспедициясының екінші кезеңі бастау алатынын және оның мақсаты жайлы әңгімеледі.

Парламент өкілі өз кезегінде елді алаңдатқан мәселе «Ақ жол» фракциясының алдағы жұмысында қаралатынын жеткізді. Қандай мәселе болсын, ол елдің сөзі, оны аманаттап алып, жеріне жеткізу депутаттың міндеті. Сондықтан өз тарапынан елдің ақсақалдары мен зиялы қауымы әңгімені ашық айтып, ой бөлісқендері үшін өз ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында бір топ көкшетаулықты «Ақ жол» партиясы президиумы бекіткен «Қазақ Республикасына 100 жыл» медалімен марапаттады.

*«Ақ жол» демократиялық партиясының Ақмола облыстық филиалы*

**Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы» мемлекеттік мекемесі ішкі істер органдары үшін кадрларды даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады. Алматы академиясын құру үшін негіз болған ведомстволық оқу орындары құрылғаннан бері 20 мыңнан астам жоғары кәсіби мамандар білім алды, олар тек қана Қазақстанда емес, ТМД-ның көптеген елдерінде еңбек етіп, ішкі істер органдарының үлкен ұжымдарын басқарып жүр.**

# ПОЛИЦИЯ – ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ БОЛУҒА ТИІСТІ





**Айдар САЙТБЕКОВ, ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының бастығы, заң ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі**

ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы 1956 жылы Қазақстан мен Қырғызстанның милиция кадрларын даярлау үшін құрылған мемлекетіміздің ІІМ-нің ең көне оқу орны болып табылады, биыл оған 65 жыл толғалы отыр. 1956 жылдың 23 шілдесінде Мәскеуде екі республика – Қазақстан мен Қырғызстан милиция кадрларын даярлау үшін КСРО ІІМ Алматы арнайы орта милиция мектебін құру туралы КСРО Ішкі істер министрінің № 00237 бұйрығына қол қойылды. Республикамызда алғашқы кәсіби милиция мектебін құрудың бастамашысы және бас ұйымдастырушысы Қазақ КСР Ішкі істер министрі, ішкі қызмет генерал-лейтенанты Қабылбаев Шырақбек болды.1961 жылы сырттай бөлім факультеті, ал кейінірек КСРО ІІМ Мәскеу жоғары мектебінің күндізгі-сырттай бөлімінің факультеті құрылды. 1969 жылы ол КСРО ІІМ жоғары мектебі болып қайта құрылды, оны Қарағанды қаласына ауыстырды.

1965 жылдан бастап мектеп жанында өрт күзетінің басшы құрамын даярлау бойынша он бір айлық курстар жұмыс істеді, олардың базасында 1973 жылы Алматы өрттехникалық училищесі құрылды. 90-шы жылдардың соңында республиканың ІІМ жүйесінде басшылық құрам кадрларын дайындауда кадр мәселесі өзекті болды. Осы санаттағы қызметкерлерді елден тыс жерлерде оқыту ТМД республикаларының заңнамасында айтарлықтай айырмашылықтардың салдарынан және қымбат болғандықтан тиімсіз болды.

1991 жылдың 27 шілдесінде «КСРО Ішкі Істер Министрлігі Алматы жоғары мектебін ұйымдастыру туралы» КСРО Министрлер Кабинетінің № 519 Қаулысы қабылданды, ал оның негізінде 1991 жылдың 30 шілдесінде КСРО ІІМнің Алматы факультетінің негізінде Қазақ және Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикаларының милиция кадрларын дайындау үшін КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің факультетін және КСРО ІІМ Алматы жоғары мектебін құру туралы № 255 бұйрығы шықты. Аталмыш оқу орнын 12 жыл бойы үзіліссіз милиция генерал-майоры М.Е. Есболатов басқарды.

1996 жылы 3 маусымда Қазақстан Республикасы МТК № 103 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы жоғары мектебі ҚР МТК АЖМ болып қайта құрылды. Екі жылдан кейін МТК таратылуына байланысты мектеп қайтадан Қазақстан Республикасы ІІМ қарамағына өтіп, 1998 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасы ІІМ № 134 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы заң институты болып өзгертілді.

Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, 1998-2005 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ІІО ведомстволық білім беруді одан әрі жетілдіру және дамыту бағдарламасында Қазақстан ІІМ-нің жеке академиясын құру қарастырылды. Осы тармақты орындауда және ІІО үшін мамандарды даярлауды одан әрі жетілдіру мақсатында, 1999 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясы» мемлекеттік мекемесін құру туралы» № 675 қаулысы қабылданды. Қаулыға сәйкес, Академия Алматы заң институты мен Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы техникалық институтын біріктіру жолымен құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 79 қаулысымен «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесіне Мақан Есболатовтың есімі берілді.

Кез келген дамыған мемлекеттердің саяси құрылымында ішкі істер органдары маңызды орынға ие. Себебі – ішкі істер құрылымдарының қызметі қоғам өмірімен етене байланысты. Полиция – қоғамның күнделікті тұрмыс-тіршілігінің барлық саласында халықпен тығыз қарым-қатынаста екені белгілі.

АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия сияқты әлемнің алпауыт елдерінде қоғамның даму тенденцияларына байланысты полиция реформасы да уақыт талабына сай үздіксіз жүргізіліп келеді. Полиция – ел ішіндегі саяси тұрақтылықпен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей жауапты орган. Сондықтан оның жұмысын жетілдіріп, бүгінгі күннің талабына сай реформалап, дер кезінде дамытып отыру өте маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ел Тәуелсіздігінің алдағы төртінші онжылдығында атқарылуға тиісті саяси реформалардың маңыздылығы туралы айтқан болатын. «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет», - деді Мемлекет басшысы. Сананы жаңғырту деген міндетке қоғамның барлық саласын жатқызуға болады. Соның ішінде ішкі істер органдары құрылымын да. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда Қазақстан полициясының имиджіне, ел ішіндегі бет-бейнесі мен беделіне қатысты әртүрлі пікірлер айтылып жататыны бар. Ашығын айтсақ, айтылар сын да аз емес. Қазақстан полициясына қатысты қоғам пікірін айтпағанда, сол полиция өкілдерінің өздері де – «басты міндетіміз – қылмыспен күресу ғана», – деген түсінікпен жүргендер де бар. Әрине бұл біржақты түсінік. Полиция тек қана қылмыспен ғана күресіп қоймай, соны болдырмау үшін де қызмет етуі қажет. Ал ол өте ауқымды жұмыс, ол үшін халықпен тығыз байланыста болып, әсіресе жастар тәрбиесіне үлкен мән беру керек.

Бүгінгі таңда республикада Алматы академиясының түлектері қызмет етпей жүрген бірде-бір полиция органы немесе бөлімшесі жоқ. Ең жауапты және шешуші учаскелерде жұмыс істей отырып, олар қылмысқа қарсы күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау ісіне елеулі үлес қосып келеді. Олардың ішінде 28 генерал және жүздеген полковниктер бар. Барлығы әртүрлі уақытта осы оқу орнын басқарған ішкі істер органдарының көрнекті басшылары. Оқу процесін ұйымдастыру, білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Академияда оқыту және тәрбиелеу қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Академияда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру офицерлер – жоғары заң білімі бар білікті мамандарды дайындау; Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары үшін басқарушы кадрларды даярлау; ІІМ басшылары мен қызметкерлерінің, оның ішінде оқу орындарының оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады. Болашақ кәсіби қызмет аясында курсанттар негізделген шешімдер қабылдау, ішкі істер органдарында басқару жүйесін құру бойынша білім мен дағдыларға ие болады. Сабақты жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы, оның ішінде ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD докторлары жүргізеді. Академияда инновациялық білім беру технологиялары апробациядан өтіп отырады, атап айтқанда, 2009 жылдан бастап интерактивті компьютерлік бағдарламалар негізінде модульдік жүйе іске асырылып, 2011 жылдан бастап қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып, қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламалары енгізілді.

Қазақта «Әкім бол, халқына жақын бол», деген қанатты сөз бар. Соны бүгінгі таңда «Полиция болсаң халқыңа жақын бол», – деп айтсақ болғандай. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасында айтылған басты міндет те осыған саяды. Әділетті қоғам. Тиімді мемлекет. Халыққа жақын полиция. Міне, осы негізгі үш бағытты – полиция реформасының өзегі деп түсінсек қателеспейміз.

Жоғарыда айтқанымыздай, ішкі істер органдарын реформалау басталып та кетті. Мемлекет басшысы Ішкі істер министрлігінің алқа мәжілісінде полиция реформасына қатысты бірқатар маңызды тапсырмалар мен міндеттер жүктегені белгілі. Соның бірі – кадр саясаты. Полиция қызметін жаңғыртудың жол картасы аясында ведомстволық оқу мекемелері қайта ұйымдастырылуы керектігін, қызметкерлерді қайта даярлықтан өткізу арқылы іріктеу жүргізілуі керектігін айтты. Осы бағыттағы атқарылып жатқан шаралар туралы азды-кем айта кетсек, Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында қазір ведомстволық білім беру жұмысын жетілдіру бойынша Ішкі істер органдарының қызметкерлері қайта даярлық курстарынан өтіп жатыр.

Қазіргі уақытта, біздің академияның кафедра басшыларымен бірлесіп, сервистік полиция моделі мен қылмыстық сот өндірісінің үш буынды моделі, осы бойынша сотқа дейінгі іс жүргізудегі қадамдар мен олардың шешу т.б. өзекті міндеттер, ведомстволық білім беру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар талқыланды. Біздің академияның басты мақсаты – полиция қызметкерлерін жан-жақты білім, ғылым мен практикалық қызметте қазіргі заман талабына сай озық тәжірбиелерге даярлау. Білім беру практикасында ІІМ ардагерлерінің тағылымдамаларын тыңдату арқылы жас полицейлер мен ардагерлер арасында ұрпақ сабақтастығы дәстүрін қалыптастырдық. Бұл дегеніңіз – ең алдымен, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, сонымен қатар білім берудің инновациялық әдістерін де енгізіп, кәсіби маман дайындап шығару деген сөз. Мысалы, аталған бағытта біздің Академияда «Қылмыстық сот төрелігінің үш буынды моделі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Оған ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев бастаған ІІМ өкілдері мен депутаттар, сарапшылар қатысты. Бұл Халықаралық конференция – Ішкі істер органдарының жұмысын жетілдіруде ерекше маңызға ие. Өйткені, бізге ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдігі ретінде сот төрелігінің үш буынды моделіне арналған бірінші халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны өткізу жүктелді. Сонымен қатар, мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында біздің Академияда даярлықтан өтіп жатқан ІІМ қызметкерлерін Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрына, сонан соң М.Әуезов атындағы Мемлекеттік акдемиялық театрға апардық. Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімовпен арнайы кездесу өткіздік. Онан соң, Қазақстан Республикасы ІІМ Макан Есболатов атындағы Алматы академиясы мен М.Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық театр арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Биыл наурыз айында ҚР ІІМ басшысы Ерлан Тұрғымбаев өзі келіп, Алматы Академиясында алғашқы факультетті ашты. Қазіргі таңда Республикамыздың әр облысынан, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларынан департамент басшыларының орынбасарлары келіп, оқып жатыр. Бұл факультетте бүкіл Қазақстан бойынша басшылық құрам дайындалады. Олар үш ай осында оқиды. Мақсат – полиция басшыларын даяндап шығару. Сондай-ақ, біздің Академияда полиция қызметкерлеріне көпшілікпен диалог орнату, көпшілік алдында сөйлеу өнеріне қатысты даярлық курстарын ұйымдастыруда. Бұл да өз кезегінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан ІІМ қызметкерлеріне жүктелген жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар десек болады.

Қазақстан полициясының саяси мәдениетін көтеру үшін – әуелі олардың санасын жаңғырту маңызды. Бүгінгі полиция қандай болуы керек? Қазақстан полициясы – қоғам сеніміне ие ме? Қоғам алдындағы «жақсы полиция» образы қандай? Жауап біреу – ол қоғаммен тығыз интеграцияланған полиция! Ендеше, алдымызға қойған мақсатымыз бар. Әлемдік практика және бар. Біз ашықпыз. Қол жетімдіміз. Ынтымақтасып жұмыс жүргізуге де дайынбыз. Біз үшін Академия жұмысын жетілдіруде түйткілді мәселелерді шешуде қоғам пікірі маңызды.

**Бірде «бауырым» деп, бірде «жаным» деп, шын жүрегімен елжіреп тұратын Ибрагим ағамның бейнесі көз алдымнан кетпейді. Ақын ағам бұл сөзді маған ғана айтпайтынын да жақсы білемін. Бірақ, неге екенін қайдам, тек маған ғана айтатын сөзіндей қабылдаушы едім. Кеше ғана арамызда жүрген Ибрагим Исаның жарқын жүзін, мейірбан ықыласын әлі ешкім ұмыта қоймаған шығар. Мен ақын ағамды дүйім елге танымал дүлділ шайыр ретінде ғана емес, көбінесе ауылдасым ретінде жақын тұтатындай едім. Иә, біздің жолымызды түйістірген ең алдымен туған ауылымыз болатын...**



# Туған жерге тағзым

*Ибрагим Исаев 1949 жылы 7 қаңтарда Қызылорда облысына қарасты Сырдария ауданының Жетікөл ауылында туды. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірген. Сырдария аудандық газетінде әдеби қызметкер, Қызылорда облыстық халық творчествосы үйінде нұсқаушы-әдіскер, Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында тілші-әдіскер, «Ара» журналында фельетоншы, «Жалын» альманахында редактор, «Сахна-Сцена» журналында бас редактор, «Сақшы — На страже» газетінде, «Арай» журналында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. Өлеңдері бірқатар шетел тілдеріне аударылған.*
*Көптеген ән мәтіндерінің авторы. «Әнаға» атты ән альбомы шыққан. Коми ақыны И.Куратов, орыс ақыны Н.Рубцов өлеңдерін қазақша сөйлеткен. «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталған.*
*Шығармалары: Алтын сырға. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1974; Таң алдындағы ән. Өлеңдер мен балладалар. А., «Жазушы», 1976; Тербеледі қайыңдар. Өлеңдер мен баллада. А., «Жалын», 1981; Жанымның жарығы. Өлеңдер мен баллада. А., «Жазушы», 1983; Ой өлшемі. Жыр кітабы. А., «Нұрлы әлем», 2014.*

Бұрыннан оқып-біліп өссек те, ол кісімен мен 1980-жылдардың аяғында жақын араласа бастадым. Мен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жұмыс істеп жүрген едім, бір күні редакцияға келіп, біздің бөлмемізге де арнайы бас сұқты. Қасында ауылдан келген жылқышы досы бар. Ауылда аты шыққан, еңбегі еленіп жүрген жылқышы жігітті газетте көрсетіп жіберу керек екен, сол шаруалармен келіпті. Бұл жұмысы бітті ме, бітпеді ме, ол жағы есімде жоқ, жұмыс аяғы болып қалған еді, әй-шайға қарамастан:

– Кеттік, біздің үйге барып отырайық, – деп, алды-артыма қаратпай үйіне ертіп барды.

Менің де ауылды сағынып жүрген кезім еді. Досы екеуі ауыл жайлы талай қызық әңгімені бастап келіп жіберді. Қараңғы түсе бастағанда үйге жеңгей де келіп, дұрыстап дастархан жасап, біраз уақыт отырысымызды қайта жалғастырғанымыз бар. Жылқышы жігіт біраз күндей боламын деп отырған еді, кейіннен онымен кездесе алмадым. Ал, Ибрагим аға екеуміз содан кейін жиі кездесіп жүрдік.

– Бір ауылдың баласымыз ғой, сен маған ұқсайсың, – деп, көбіне қолтықтап алушы еді.

– Мына өлеңді «Қазақ әдебиетіне» берейін деп жүрмін, – деп, бір күні «Ірі-ірі қара әріп таппай жүрмін» деген өлеңін оқып берді.

Бір-екі жұмадан кейін газетке шыққанын да көрдім. Бұл кезде Ибрагим аға «Сақшы» газетінде жұмыс істеп жүрген болатын. Екеуміз бірге барып, ақын, Бас редактор Базарбай Исаев ағамызға кіріп, сәлем беріп шыққанымыз есімде.

– Бір-біріңді жоғалтпай жүріңдер, жігіттер! – деп, Базарбай аға да ағалық ақылын айтты.

– Сен өзімсің ғой, – деп бастайтын еді оңашада әңгімесін. Бір әңгімесін айтып үлгереді, кейбіріне келгенде, «Кейін асықпай айтып беремін» деп, ысырып қоюшы еді.

2012 жылдың күзінде Ибрагим ағамен ойламаған жерде ауылда, Шиеліде кездестік. Аудан орталығында «Алтын күз» мерекесі аталып өтіп жатыр екен, сол тойда бірге болдық. Ауылды сағынып барған болу керек: «Менің баратын жерлерім көп еді», – деп, бөлектеу кетіп жүрді.

Жалпы, ақын туралы сөз қозғағанда, оның өзі жайында емес, өлеңі туралы айтқың келіп тұратыны бар. Өйткені, өлең ақынның өз бейнесін көрсетеді. Қолыма ақынның «Хатқа жауабы» түсті.

*...Бұл хатыңды алғасын,*
*бас көтерді БАҚЫТ деген жолдасым.*
*Бірақ, бірақ, мына мені, азап-қыз,*
*бақытты екен деп ойлауға асықпа.*
*Бақыт деген көзбен емес,*
*мен үшін*
*Дүрбіменен әзер көрер қашықта.*
*Иә, иә...*
*солай бұл.*
*Қуа-қуа бұлдыраған Бақытты,*
*өтіп кетті талай жыл.*
*Енді, міне, арамызға*
*айлар салып,*
*жыл салып,*
*тағы бір хат жүрегімді тұр шағып.*
*«Қалай»,- депсің,*
*денсаулық па керегі?*
*Сұрамағың әлде ақынның өлеңі?*
*Бұл жағынан уайымдама,*
*әзірге,*
*екеуі де өмір сүріп келеді.*
*Бақыттан да жақын Үміт досым бар,*
*сол өлгенде екеуі де өледі.*
*«Қалай, депсің, ауа райы қаланың»*
*Оның, оның,*
*сұрайтұғын несі бар,*
*Ауа райы көңіл күйі баланың.*
*Одан-дағы сұрамайсың сен неге*
*жүрегімнің ауа райын, қарағым!* –

деп келеді бұл өлеңі. Ибрагим ағаның өлеңдері де өзі сияқты, ешкімнің жазғанына ұқсамайды. Оқуға да жеңіл, өз-өзінен төгіліп тұрады. Оп-оңай нәрсені қолдан қиындатып, құрастырып жатпайды.

Ибрагим ағаның «Елге сәлемін» алыңызшы. Әннің өзі де керемет, әрине, дегенмен, сөз көңіліңнің төріне бір-ақ шығатын сияқты. Дәл осылай қарапайым ғана етіп, елдің бәрі жаза салатындай көрінеді-ау! Бірақ, ол үшін Ибрагим болып туу керек шығар...

*«...Алматыға бұл күнде сыймай-ақ*
*жүр дегейсің,*
*Туған жерін, достарын қимай-ақ*
*жүр дегейсің.*
*Қалмағандай тірегі, шытынаған жүрегі,*
*Амал қанша, әйтеуір, қирамай*
*жүр дегейсің...*

*Алып ұшқан көңілі басылып жүр дегейсің,*
*Жүдегенін жанының жасырып жүр дегейсің.*
*Жылу іздеп іздерден, жапырақтай*
*күз көрген,*
*Шаршаңқырап бұл күнде шашылып*
*жүр дегейсің.*

*Сөзге ілініп себепсіз, сүрініп жүр дегейсің,*
*Шаршағаны түрінен білініп жүр дегейсің.*
*Жаңа өмірге ере алмай,*
*болашаққа сене алмай,*
*Өткен күннің отына жылынып*
*жүр дегейсің...»* –



дейді ақын. Бұл әрі-беріден соң, жалғыздық жыры! Айналадағы қоғам ақынды құрметтегенмен, көбіне көзге ілмей қалып жататыны бар. Көңілі желдей есіп, бәрін құшағына қысып, жақсы көріп тұратын ақынға аз ғана көңіл бөлмей қоюдың өзі жетіп жатыр. Оның үстіне, Ибрагим аға кәдімгі бала мінезді, жас сәбидей, пәк жанды кісі еді ғой... Өз көңілін өзі жылытып, өмірдің бар ләззатын жырдан ғана іздеуге мәжбүр болып жатады.

Кейде ойлап отырсам, Ибрагим ағаның балаша қуанып, шын риза болған кезін өмірде бір-ақ рет көргендей боламын. Дүние жалғанмен қош айтысардың аз ғана алдында өткен «Студенттер сарайындағы» үлкен шығармашылық кешінде қатты толқып, шын қуанып жүрді. Соның алдында ғана «Алматы ақшамының» редакциясына келіп, осындағы қыз-жігіттерге жолығып, біраз сұхбат құрып кеткен болатын.

– Жүрек болмай жүр, ота жасатып шықтым, – деді, аса көңіл бөлгісі келе бермейтіндей болып. «Ой өлшемі» деген жыр кітабына: «Әнуар бауырым! Өмірде де, өлеңде де қатар жүрген азаматтық көңіліңе қашанда риза, сыйлас бауырым деп білем өзіңді. Осы бір ыстық қатынасымызға жоғалмасын деп, ағаң – Ибрагим. 17.07.2014 ж.» деп, қолтаңба жазып берді.

«Мені бір адам ұмытпаса, сол сен шығарсың» деген сөзді ақын ағамның көзінен оқығандай болдым. Беу, дүниеай десейші! Бәрін біліп тұрамыз, амал қанша...

Оқта-текте Ибрагим ағамның қолтаңбасын оқып қоямын. Өзі қасымда отырғандай болып тұрады. Ол туралы көп айта беруге болады ғой , содан ба, не айтарыңды да білмейсің. Жұрт жетпіске келді деп жатыр, маған сол баяғы бала қалпында, жас сәбидей пәк күйінде елестейді де тұрады.

Ақын туралы айтқаннан гөрі, оны оқыған оңай ма дейсің кейде. Мыңнан астам әнге сөз жазған ақын ағамыз әнге айналған күйі аспанда қалықтап тұрып қалғандай көрінеді. Мен емес, мені қойшы – өзіңізбін ғой, ел ұмытпайды сізді, абзал аға!

**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК,**
**Қазақстанның Мәдениет қайраткері, ақын**

**Биыл Қазақстанның Халық артисі, әйгілі актер, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұловтың туғанына 125 жыл болды. Сондай-ақ атақты композитор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Латиф Хамидидың дүниеге келгеніне де 115 жыл толып отыр.**
**Біз оқырман назарына ұлттың рухани қазынасына қисапсыз олжа салған осынау қос тұлға туралы Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың естелігін ұсынып отырмыз. Бұл жазбаның дәуір озған сайын жарқырай түсетіні анық. Өйткені сол екі жампозбен де қоян-қолтық араласқан замандас лебізінде қымбат уақыт ізі, жас ұрпақ үшін ғаламат ғибрат жататыны анық.**

# Екі

# Сегіз қырлы Серағаң



Елуінші жылдардың орта тұсында Қазақстан Жазушылар одағында драматургияның келелі міндеттеріне арналған жиналыс өтті. Оған осы мәселеге қатысы бар көптеген өнерпаздар келіп, сөз сөйледі. Сөз бір кезде Серке Қожамқұловқа берілді. Ұлы актер байпаңдай басып, асықпай-саспай, мінбеге көтерілді. Сөзін жайлап қана қоңыр үнмен бастады:

– Баяғыда Николай Гоголь «Өлі жандар» атты романының екінші томын өз қолымен өртеп жіберіпті... Ал біздің Н. секілді драматургтеріміздің жазған пьесаларының төбесінен бензин құйсаң да жанбайды. Неге? Себебі Гогольдің шығармалары тұпа-тұтас – май, ал біздің «сабаздардікі» шылқыған су. О заманда бұ заман су жанушы ма еді?! – деп Серағаң көпшілікті бір күлдіріп алды. Әділдікті жақтаған кісі аланда ма?!

Серке Қожамқұлов – тумасы жазушы адам еді. О кісінің ойсыз, өрнексіз сөйлегенін, сөзін ескек желге ілестіріп бөстекі жібергенін көрген емеспін. Ал мен сахна саңлағын 1948 жылдан бері білетін едім. Кездескен сайын кеңесіп қалуды ойластыратын едім.

– Неге естелік жазбайсыз? – десем:

– Жазушыларың менсіз де жетіп жатыр емес пе?! Жамандардың қатарын көбейтсем, күнә болар, – деп күлетін-ді ол.

– Өзіңіз жазуға ірікілсеңіз, қолыңыз тимесе, қаламының ебі бар бір жас жігіт тауып берейін, – десем:

– Солардың өз көкейіндегісін қағазға жөні түзу түсіруді білмейді. Мені қайтіп оңдырады дейсің? – деп жауабынан сытылып шығатын. – Марқұм Иманжанов Мұқан сияқты тиянақты, білімдар, өнер сырына қанық адам болса бір сәрі, – дейтін о кісі сөзді өзге бір арнаға салып.

Серағаңның ғажап мінезі – өзімен тағдыр табыстырған кісілердің талантыларын сүйсіне ауызға алатын. Жұмат Шаниннің режиссерлік тапқырлығына, Бейімбет Майлиннің қажырлы ізденгіштігіне, Әміре Қашаубаевтың қайталанбас әншілігіне, Иса Байзақовтың адуын ақындық ұшқырлығына тәнті көңілмен ұзақ-ұзақ әңгімеге арқау етер еді. Сонау жиырмасыншы жылдарда, отызыншы жылдар басында жаттаған Бейімбеттің Мырқымбай циклін Серке соғыстан кейінгі кезеңдерде оңашада оқып беретін еді.

...1951 жылы Мұқан Иманжановтың «Менің махаббатым» деген драмасы Қазақтың академиялық театрында сахнаға әзірленді. Сол тұста мен пьеса авторына еріп, театрдағы репетицияға жиі-жиі барып жүрдім. Постановкаға әзірлік үстінде Серағаң Мұқанмен етене, жақын таныстық. Репетиция үстінде өзі ойнаған рольден қолы босай қалса, біз отырған залға келіп, театрдың алғашқы адамдарынан бастап, қилы-қилы қызық әңгімелерге қарық қылатын.

Серағаңның революциядан бұрын Троицк қаласындағы «Уәзифа» мектебінде, одан кейін Орынбордағы татардың халық ағарту институтында оқып білім алғаны белгілі. Әдетте, пәлен тілге судай дегенді шартты түрде айта беретініміз бар. Ал Серкенің татар тілін білуі – сұмдық! Ғажап! Жасымда мен де татарлар арасында өстім. Ол тілден әжептәуір хабарым бар, сол тілден лұғатсыз-ақ тәржіме жасай аламын. Содан да болар – Серағаңды әдейі татарша сөйлетуге жетелеуші едім. Ақсақал жастық жылдарын есіне ала ма, татарша таза әрі тамаша, еліге әрі еліктіре сөйлеп кетер еді.

– Біз сөзді, тілді Серағаң секілді ағалардан үйреніп өстік, – деп еді академик-жазушы Ғабит Мүсірепов С.Қожамқұловтың сексен жасқа келген тойында. Дуалы ауыз Ғабеңдер солай дегенде, біз не дей аламыз? Іргелес өнер иелері бірі-бірінен үйрене жүруі – үздіксіз үрдіс болуы керек екен-ау. Артист Серке жазушы Бейімбеттен көп нәрсені үйрендім, азамат болып қалыптасуыма Биаған көмектесті дейтін. Ал жазушы Ғабит алып талант Серағаңдардан өнеге алыпты.

Міне, өнер сабақтастығы, дәстүр жалғастығы! Біздің бүгінгі жас қаламгерлер өздерінің актер құрбы-құрдастарымен творчестволық мақсатта қоян-қолтық араласып тұр ма? Несін жасырайын: жыл он екі айда театр босағасынан аттамайтын жас жігіттерді де білем. Жай жігіттер емес, қалам ұстағандар...

Бұ қалай? Немесе жас актер өз тетелестері – ақындардың жинақтарын іздеп жүріп оқи ма?

Серағаң басқаға жаны ашығыш, қайырымды, сергек көңілді, жұмсақ жүректі аға еді. Мұқан Иманжанов төсек тартып жатып қалғанда, өзінің баласындай жігіттің көңілін сұрап, қаланың бір қиырындағы үйіне барып отырғанының талай рет үстінен шықтым.

1934 жылы Ташкент дыбыс жазу студиясынан арнайы кісілер келіп, қазақ артистерінің ән-күйін жазу жайында мәселе көтергенде, комиссия мүшесі Серке Қожамқұлов дыбыс жазуды Әміре Қашаубаевтан бастау қажет деп ұсыныс енгізіпті.

– Әміре сахнадан алыстап, сауық-сайранға көбірек ойысып жүр ғой қазір, – дегендерге Серағаң: ол жөнінде қам жемей-ақ қойыңдар, өзім тауып әкелем, – депті.

Ертеңінде Алматы шетіндегі Тастақтағы бір пәтерден Әміреңі кезіктіріп, дыбыс жазу студиясы қызметкерлерімен жолықтырыпты.

Комиссия ән айтқызып көріпті. Жаһанды әнмен тербеген әнші жайнаң қағып, өзі сүйіп айтатын үш-төрт әнді аспандата шырқапты.

– Даусың сыңғырап тұр ғой, өзі! – депті бір әкім.

– Есебі, Қашаубай баласы айтса, осылай ғана айтады! – депті сонда Әміре.

Әттең, дыбыс жазатындар жабдықтарын әкелгелі Ташкентке кеткенде, ұлы әнші суық тиіп ауырып әрі ащы судың зардабынан дүние салған.

Осы жайтты Мұқанға әңгімелеп бергенін өз құлағымменеситтім...

Серағаң бала мінезді кісі еді. Мәжіліс-жиналыстарда, пленум-съездерде қасынан орын табылып, жақын жайғассаң, бүйіріңнен түртіп қап, құлағыңнан шертіп қап, мәз болатын... Ондағысы – сені сөйлету, тағы да бір қырыңнан тану, тани түсу. Адам тану – алғыр өнерпаздардың қол үзбейтін ғылымы екен-ау...

Баламер Сахариев – өз замандастары арасында аңдағыш, байқағыш, тілді, сайқымазақ, қуақы әрі білімді, әрі көргенді жігіт еді. Ол сыншылдық еңбегімен ғана танылған жоқ, ауыз екі айтатын әңгімелерімен де әйгілі еді. Бұл тұрғыдан біз Бәкеңді кішкентай Ираклий дейтінбіз. Ол басын М.Әуезов қып, Мыңбай Рашевке шейінгі аралықтағы әдебиет пен өнер қайраткерлерінің сөйлеу мәнерін, жүріс-тұрысын айнытпай салып беретін. Соның ішінде Серағаңның сахнадағы бірер эпизодын елестетіні де бар еді. С.Қожамқұловқа бертін біреу: «Баламер деген әдебиетші сіздің сөйлегеніңізді айнытпай салады», – десе керек. Ұлы өнерпаз бір жиында Баламерді көріп қап, оңашалап сөйлесіп, бір бұрышта: «Өнеріңді көрсет,_мені салғаныңды көрейін», – деп тұрып алыпты. – Көңіліңізге келер, – деп, Баламер жалтарғанмен, Серағаң қоярда-қоймай, тілегін орындатыпты. Ырза болған Серағаң:

– Мен алда-жалда ұйықтап кетсем, ізбасарым бар екен, осыныңнан тайма, – деп інісінің арқасынан қағыпты.

Кішіпейілділік кісіліктің куәлігі деген осы-ау. Серке Қожамқұловтың сахнада кез келген рольді жұтындырып шығарарына шүбә келтірген қазақты мен ұшырата алмадым. Тума талантқа ізденгіштік, еңбекқорлық қосылса, алапаттай құдіретке айналады екен ғой. Елуінші жылдар басында Айманов пен Штейннің инсценировкасы бойынша Қазақтың академиялық драма театрында «Абай» қойылымы жүрді. Қойылым өте сәтті шықты, бір топ артист СССР Мемлекеттік сыйлығы лауреаттары атанды. Қойылымда жұт тұсындағы көрініс үлкен орын алады. Халықтың күйзелісі, халық қамқоры Абайдың жанашырлық толғаныстары...

Спектакльге бірнеше рет бардым. Бірақ кәрлі қыс пен қырғын жұт заһарын онша сезіне алмап едім. Серағаң Майбасарды ойнаған күні сахнаға сақылдаған аяз, қарлы қыс, сипама кәрлі жұт шыға келді. Абайдың үстіне кірген Майбасар – Серке қолындағы қамшысымен аяғын кезек көтере қайырып тұрып, етігінің тақасын қаққанда, мұртының қияғынан мұзды алма-кезек сыпырғандай қимылдар жасағанда, мен тітіркеніп кеттім, арқама аяз батқандай шіміркендім.

Серағаңның дубльдері де, басқалар да қыс көрінісіне мән бермеді ме, не қолдарынан келмеді ме, білмеймін, ал қойылымдағы шоқтығы бір эпизодты шындандырудағы, жандандырудағы Серағаң тапқырлығы әлгіндей керемет еді.

Екінші бір деталь «Қазақфильмде» қырқыншы жылдар аяғында болса керек, «Дала қызы» деген картина қойылды. Қазақ шаруасының қызы совет өкіметінің алғашқы жылдарында оқуға барғысы келетінін айтады. Жас қыздың жақсы талабына оқымаған әке қарсы. Қасарысқан қатал әке: «Бармайсың!» – дейді. «Бармайсың!» деген жалғыз сөз алпыстан асқан ақсақалдың жан дүниесін пәлендей жарқыратып ашуға себі тиіп тұрған сөз болмаса керек. Ал әке боп ойнаған Серке Қожамқұлов шай үстінде шақпақ қант кесегін оң жақ азуға басып жіберіп, күрт еткізіп қақ бөледі де, зілді үнмен: «Бармайсың!» деп кесіп тастайды. Енді бәрі айқын. Пышақпен кескендей. Қатал тыйым!..

...Әріптестерінің айтуына қарағанда, Серағаң рольдер бөлінісімен-ақ сол образдың ішіне кіруге қам жасай бастайды екен. Әр сөзге, әр қимылға жоғарыда баяндалған эпизодтардағыдай мән беріп, бояу тауып, реңк іздестіруге кіріседі екен. Стол басындағы репетицияда текст жаттап отырғанда да, Серке көзін жұмып, ойға шомып, мүлгіп ұзақ толғанады. Бейненің ішіне кіре алмай, іркіліп, дағдарған, тығырыққа тығылған сәтінде өзіне-өзі қиянат жасағандай қаталдыққа да барады екен. Мәселен, әлгіндей сәтте: «Қор болдың, Қожамқұлов!» – деп, өзін-өзі жақтан тартып жіберген кездері де аз болмапты. Бұл, әрине, өзін-өзі қайрау, шиыршық ату, ізденіс...

Әзілкеш жастар, әріптестер Серағаңның творчестволық толғаныс үстінде отырғанында көзін ала беріп, даусын өзгертіп, «Қор болдың, Қожамқұлов!» – деп қалады екен. Сонда қамшы көрген тарландай Серағаң селт етіп: «Жоқ, Қожамқұлов қор болмайды, табады іздегенін!» – деп, бұрынғыдан бетер шиырға түседі екен.

Мен осы жайтты ұлы актердің көзі тірісінде талай әріптестерінен естідім... Есіл-дертімен еңсесін салмаған кісі өнерде елді сүйсіндіре алмайтынын күнде дерлік көріп-біліп жүрміз.

Шала қайнау, шабыт шақырмау, ала көңіл өнерді өрістетпейді екен... Мен, міне, 1976 жылғы дәптерімді ақтарып отырмын. Серағаң «Балдырған» журналының редакциясына төбе көрсеткен екен. Арада азын-аулақ па, ұзақ па әңгіме болыпты. Мен «Еңлік – Кебек» трагедиясы қойылымдары жайынан сұрастырсам білем. Сол қысқа сұқбаттың өзінде де әжептәуір сыр шертіліпті.

– «Еңлік – Кебек» Қазақтың академиялық театр сахнасына төрт рет қойылды; 1926 жылы, 1933, 1941 және 1958 жылы. Соңғысын қойған режиссер Моисей Исакович Гольдблат.

Әр қойылымның өз артықшылығы, өз кемшілігі болды. Мәселен, Абыз бұрынғы қойылымдарында көбінекей бақсылау еді. Философиялық салмақты ойлар ең соңғы редакциясында Абыз аузымен мол айтылады ғой...

Бұрынғы Жапал Кебек пен Еңлік арасында жай ғана дәнекер сияқтанатын. Мұхаңа:

– Жапал пьесаның әлеуметтік бейнесі болсашы! – деген тілегімізді ресмисіз де, ресми құлқындаған балаша авторға білдіріп қоятынбыз.

– Әуезов пьесаның ең ақырғы редакциясында Жапалды әлдеқайда әлеуметтік биікке көтерді, – деді Серағаң.

– Әміре Жапалды ойнапты ғой, соны айтыңызшы, – деп едім. Серағаң бір-ақ сөйлеммен жауап қатты:

– Үшінші пердеде Әміре «Көк көбелек» әнін шырқағанда көрермендер дүрілдете қол соғып, әлемге әйгілі әншіні сахнадан жібермей отырып алатын...

Серағаң өзінің де, Қаллеки, Елубай, Шәкендердің... сахнаға қойылған пьесалардың қосалқы авторлары болғандығын ашып айтпады, жанамалап қана сездіргендей болды.

Керемет өнерпаздар неткен кішіпейіл келеді осы?!

Сахнамыздың саңлақтары сапынан Социалистік Еңбек Ері атағын алғаш рет алған, әрине, орнымен алған Серағаң еді. Лайықты сыйлығына құтты болсынды алғашқылардың бірі болып, алғашқы күні телефонмен айтқанмын. Ал ауызба-ауыз құттықтаудың сәті ойда жоқта түс кеткені. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі Төртінші Бас басқармасының поликлиникасына енейін деп тұрғанда, есік алдында омырауына Алтын Жұлдыз таққан ағамыз томпаңдап келе жатыр екен. Құшақтап құшып: «Жұлдызың тозбай, тозбаңыз!» – деп құттықтадым. Екеуміз иін тіресе ішке кірсек, актриса Шолпан Жандарбекова мен артист Диордиев сөйлесіп тұр екен. Бізге жауырын беріп, бірдеңе деп әріптесінен сұрап жатқан Диордиев Серағаңның сәлемдескенін ести алмады білем, бұл сәтте Қожамқұлов қолындағы қолшатырымен інісін иықтан түртті: ана кісі алара қарады да, күліп жіберді.

– Серағa, что делаешь?! – деді. Серағаң:

– Герой тебя бьет! – деді. Диордиев ағасын қапсыра құшақтай алды...

Ал Серағаң секілді біртуарлардың өз өнеріне деген сүйіспеншілігі, ыстық ілтипаты, ессіз берілуі ешбір өлшемге көнбейтін құбылыс десе болғандай.

Орта жастан баяғыда-ақ асып кеткен тұста әке сүйікті ұлынан, жиырма бес жасар баласынан айрылды. Баласы қайғылы қазаға ұшырады. Қара жамылған шаңырақ иесі Серағаң ұлының үшін, жетісін өткізді. Енді екі-үш күн дегенде Қазақтың академиялық театрының Москвада гастролі басталады.

Серағаңа Москваға бару да қиын, ұлы актерге астанаға қайткенде жүріңіз деуге театр басшыларының да аузы бармайды... Осындай қиын күндердің бірінде, көңіл айтушылар сирей қоймаған күндердің бірінде өксігін әлі баса алмай аза тұтқан анаға – өз бәйбішесіне Серағаң тоқтау айтып, өз байламын білдіріпті:

– Жылай-жылай жүдеп біттің ғой. Көз жасынан көңілге медеу жоқ! Жетті! Болар! Тый жасыңды! Көтер басыңды! Екеуміз жетім қалсақ та, қазақ өнері жетім қалмасын: мен ертең Москваға жүрем, ойнаймын өз рольдерімді! – депті қайратты әке, қазақ өнерінің қамқор саңлағы Серке Қожамқұлов.

Серағаңның азаматтық бейнесіне алтын айшықтай әсемдік дарытар осы мінезін естігендердің сүйсінбегені жоқ. Бүгін де сүйсінеміз, ертең де сүйсінеміз!

Жетпісінші жылдар басында «Қазақ әдебиеті» газетіне басылған топтаманың ішінде ұлы актерге деген өз ілтипатымды бейнелер бір өлеңім бар еді. Соны Серағаңның өзі оқыған екен. Рақметін айтты.

Шағын естелікті де сол өлеңмен тәмәмдағым келеді.

Қарабай өлді,
улап төңіректі,
Талайды қарабайлық еңіретті...
Серағa, күлкіңменен
со бір дертті,
Күйдірдің қарығандай теміреткі.
Сұмдықтың өз-өзінен солатыны,
Әсте жоқ...
жексұрын ғып сорақыны.
Неғұрлым түйресең сен, біздер үшін
Соғұрлым сүйіктісің сол арқылы!

*Шілде, 1981.*

# Қазақ жүректі композитор



1950 жылы көктемде «Сталин жолы» (Әйелдер журналы) редакциясының жауапты хатшысы әйгілі журналист Ләзиза Серғазина апай орысша бір ән-өлеңнің тексін қазақшаға аударып көрсінші деп маған беріп жіберіпті. Ән Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арналған. Әннің сазын Великие Луки қаласының тұрғыны, жергілікті композиторы жазған, өлеңінің авторы да сол қаланікі.

Мен нотасындағы буын санын есептеп көріп, сөздерін нобайлап қазақшалап шықтым да, Ләзиза апайға қайтардым. Арада біраз күн өткен соң, әйелдер журналына телефон соқтым:

– Менің қазақшалағаным ән ырғағына сай келді ме? Подтекстовканы кім жасады? – деп сұрадым.

Ләзиза апай:

– Латифке жаздырып едік қазақша өлеңін. Ол кісі сені мақтап жатыр, тегі Әлімбаевтың өзі сірә композитор болса керек, қазақ өлеңі нотасына сайма-сай, дөп келіпті деп жатыр.

Қазақ радиосының көркемдік советінің бір мәжілісіне мен де келдім, Латекең де қатысып отыр екен. Ақын Нұфтолла Шәкенов мені Латиф Хамидиге таныстырды.

– Ә, Мәншүк Мәметова жөніндегі ән тексін тәржіме еткен Әлімбаев сіз бе? Сіздің слухыңыз ғажап екен! – деді Латекең.

Мен рабайсыздау күлдім. Композитор аң-таң боп маған қарады. Мен айттым:

– Ғұмырымда әу деп көрген қазақ емеспін. Менде слух атымен жоқ.

– Жоқ, сіз білмей айтып тұрсыз, ішкі слух деген бар. Сіз ән сырын жан дүниеңізбен сезетін болуыңыз керек. Музыканы түсіну үшін, өзіңіздің ән айтуыңыз шарт емес. Міне, сіз ішкі слух арқылы ән тексін әдемі аударыпсыз, – деп композитор ағай мені біраз көтеріп тастады. Сонымен мен далбаса тәржімем арқасында талантты өнерпазбен таныстым.

Содан кейін бірнеше әнді ортақтасып жазыстық, сазын – Хамиди, сөзін – мен («Сүйікті партия», «Лениндей қыран ер болам», «Мектеп-ана»).

Отыз жылдай ол аға, мен іні боп сыйласып өттік. Латекең әзілқой, анекдотшы, ақ жарқын, әңгімешіл кісі. Кездескен сайын қызық хикаяларға жарытып тастайтын. Бір жолыққанда:

– Латеке! Сіз қазақ композиторысыз ба, әлде?.. – деп қалдым.

– Мынау әрі қызық, әрі қиын сұрақ екен... Мен ертең Евгений Григорьевичтен сұрайыншы, – деп жымиды да, жауаптан оп-оңай құтылып кетті. Қасымыздағылар қарқылдап күліп жатыр. Кездескен сайын өз өмірінен, татар халқы тарихынан әрнелерді сұрап әңгіме айтқызушы едім.

– Қайда тудыңыз дейсіңіз бе? Татарстанда Апас ауданында Буәли аулында жұмысшы семьясында тудым. Мен бір жасқа келгенше сонда тұрып, Дағыстанға көштік. Мен жетіге толғанша сонда жылдарымызды өткіздік. Әкем екі ағайынды еді. Диірменде балташы боп істейтін інісіне қара шаңыраққа ие бол деп, ата-анасын тапсырып кете беріпті. Дағыстаннан Өзбекстандағы Қатта Қорғанға жылыстадық. Әкем ол жерде темір ұстасы, ағаш ұстасы боп, тамағымызды асырады. Мен сондағы татар мектебінде оқыдым. Бастауыш мектепте. Октябрь революциясы тұсында музыка мектебінде де қатар дәріс алдым. Кейінірек Ташкентке ауыстым. Онда татар халық ағарту институты ашылды. Мен сонда ұйғыр халық әндерін жинап, нотаға түсірдім. Қазір жұрт:

– Ұйғыр музыкасы Латиф Хамидиден басталады, Құддыспен жалғасады, – деседі...

– Бірінші әнді қайда, қашан шығардыңыз?

– Біздің эти де, эни де әнді жақсы айтатын. Әсіресе, әнием Ғабдолла Тоқай өлең-жырларын көп білетін. Әнимнің абилары (ағалары) шетінен сауатты кісілер еді, шетінен гармоньда ойнайтын; музыкалық мектепте оқығанымда мен де фортепьянода, скрипкада тартып үйрендім. Тұңғыш әнімді сол мектепте шығардым. Музыка мектебінде Зағида Бурнашева деген апай тарих пәнінен сабақ береді. Өзі әнді де әсем орындайтын, ол кісі әрі ақын. Зағида апайдың ақындық лақап аты – Шағира Гифрат Тоташ. Қазір сексен екі жаста. Қарт коммунист. Ғимат Темірболатов, Шәмсинур апайлардан – бәрінен текті азаматтық тәрбие алдым... Мен азамат соғысына қатысушымын. ЧОН-ға да қатыстым. Сонда жүргенде мені командир шақырып алып, басқалар спортпен шұғылданғанда музыка ойнайсың, сапта жүргенде марш, гимнастикада вальс! Ұқтың ба? – деді. Мен біраз вальс ойнап бердім.

– Мынауың татарша ғой өзі! – деп командир таң қалғандай болып қарады. Сол тұста яғни он алты жасымда бірінші вальсімді жаздым. Бірінші маршым, аты – «Комсомол, алға!». Абдрахман Сағади маған:

– Сен әлі композитор емессің, – деді. Сол күндерде татардың тұңғыш композиторы Сұлтан Ғабати Ташкентке келген еді:

– Әйда, Қазанға жүр. Мен музыкалық техникумның оқу ісін басқарамын. Сені өзім оқытамын, – деді ол кісі.

1924 жылы Қазанға бардым. Мені композиторлыққа оқытты, жалғыз-дара шәкірт болып шықтым. Онда алғашқыда виолончельде ойнадым. Қазанда ақындар Ғади Тақташпен, Мұса Жәлилмен, драматург Ғалиасқар Қамалмен таныстым. Ташкентке 1926 жылы қайтып келдім. Бір жыл қызмет істедім: ән-жырдан мұғалім боп сабақ бердім орта мектепте. 1927 жылы Москва музыкалық техникумына оқуға түстім. Ол кезеңде ұлы астанада татарша жеті мектеп, үш мешіт бар екен. Москвада бес жүз мың татар тұрады екен. Мен онда әрі техникумда оқыдым, әрі татар мектебінде жеті жыл ән-күйден дәріс беріп күнкөріске қаражат таптым. Ол кезде Москвада «Октябрь баласы» атты пионерлерге, октябряттарға арналған татарша журнал шығатын. Редакторы – Мұса Жәлил. Мектептерде татарша репертуар жетіспейді. Салих Сәйдашев, мен бар балаларға ән шығара бастадық.

Соның бірі Жәлил жырына жазылған еді. Бір шумағы есімде:

Біз туғанбыз Октябрьде,
Біз – Октябрь баласы.
Октябрьде туғандардың
Ұлы Ленин бабасы.

Осындай бірсыпыра әндер жаздым. Өлеңдерін Мұса Жәлил жылмитып тұрып, шып-шымыр қылып шығара қоятын. Мұса Жәлил екеуміз түйдей құрдас едік. Адал дос, ақ ниетті азамат, арлы, адамгершіл. Оның қиын-қыстау шақта, Отан соғысы қан майданында батыр болып шығуына мен құйттай да таңданбаймын. Оның тәрбиесі, өскен ортасы – бәрі де ертеңгі қаһармандықтың баспалдағы болатын...

Латекең бірде өзі жөнінде жазған Мұса Жәлилдің мақаласы барын да айтып еді. Жолыққанда – сонау жетпісінші жылдар басында:

– Латеке, денсаулығыңыз қалай? – деп сұрағанымда:

– Өткендегімен салыстырғанда онша емес, ал келешектегімен салыстырғанда құдайға шүкір, тәуірірек! – дегені бар.

– Биыл нешеге келдіңіз? – дедім.

– Елу жеті, яғни сандардың орнын алмастырғанда.

Мұның жетпіс бестемін дегені.

– Балаңыз музыкант па? – деп те сұрадым.

– Ұлым Маратты кішкентайынан-ақ музыкант болып, тағымды ұстасын деп жетелеп-ақ бақтым. Қонбайын десе, қонбайды екен. Ән-күй жағына аяғын бір баспай қойды. Бертінірек келгенде, Марат орта мектептің ортаңғы класында, құдай-ау, бесіншіде ме, алтыншыда ма – оқып жүргенінде бір күні жаңа шығарған бір әнімді ойнап отыр едім үйде, өз бөлмесінен ұлым келді де, пианиноға жағын таянып, менің тартқанымды қалт етпей ұзақ тыңдады.

– Қалай вальс ұнады ма, музыкаға қайрылайын дедің бе, малайым? – деп сұрадым. Марат:

– Жоға! – дегені.

– Ендеше, неге осынша уақыт ұзақ тыңдадың? – дедім.

– Мен сенің мұрныңа қарап тұрмын, бұл неткен қолақпандай мұрын өзі?! – деп, теріс айналып барады.

Осындай әңгімелерді Латекең күлдіру үшін айтады. Тең-туыстарының, жолдас-жораларының да тапқыр сөздерін қайталап айтып жүреді.

– Бір ұйғыр азаматына Ахаңды – Ахмет Жұбановты таныстырдым.

– Ахмет Жұбанов?! – деді ұйғыр қайталап, таңдана.

– Иә! – деді Ахаң.

– Сіз сонда қайсысыз? Композитор Ахмет Жұбанов па, академик Ахмет Жұбанов па? – деп сұрады бейтаныс жігіт.

– Мен соның екеуі де болсам қайтеді?! – деді Ахаң ежелгі жоралғысына салып.

– Міне сізге жауап! – деп, мен Жұбановтың жұмсақ алақанын қыстым.

«Балдырған» журналының алқа мүшесі ретінде редакцияға жиі-жиі соғып тұратын Латекең келген сайын әр қилы әңгімелер айтатын, күлдіріп кететін.

– Татарлар Мұзаффар деп, сенің есіміңді екі бірдей «ф» дыбысымен жазады, – деді Хамиди. – Мен айттым: «Қазаққа бірісі де жетә!» – Азға қанағат деу – азаматтық! – деп күлді ағамыз.

Бір ғажабы, Латекең неше бір күлдіргі, қызулы әңгімелерді майын тамызып айтып отырып, өзі күлмейтін.

Мәдениет министрлігінде алпысыншы жылдардың бірінде ән-өлеңдер проблемасына арналған жиналыс болды. Мәжілістің орта тұсында Хамиди мінбеге көтерілді. Оған дейінгі сөйленген сөздер кілең бір құрқақ мағлұмат, мәнсіз тізбек, көңілсіз жайлар еді. Латекең бірден жұртты күлдіріп алды:

– Жолдастар, осыдан екі жыл бұрын ақын Әлімқұлов Нұрсұлтан мені ұстап алып, мынау жігіт композитор Қалдаяқов Шәмші деп қоярда-қоймай таныстырды, – деді Л. Хамиди.

Жұрт ол кісінің сөз астарын бірден аңдап, күлсін-ай кеп. Сонда сыйлы ағамыз:

– Неге күлесіздер, мен пәлендей ештеңе деген жоқпын ғой осы! – деп қуақылана ақталғансып жатыр.

Өнер таланттарының аяғына өре салатын ыңғайсыз, келеңсіз қылықтардан, ерсіліктен ада боп, таза жүргенің творчествоға тиімді, халыққа пайда игілік деген пікірін нағыз интеллигент, заңғар ойлы зиялы ағай еппен – уытсыз күлкімен ғана аңдатып еді сонда.

Менімен жолыққанында:

– Мұса Жәлилге сәлем! – деп амандасатын. Мен бұған алғашында түсінбей жүрдім.

– Сенің бойың да, түр-тұлғаң да, тіпті шаш қойысың да түп-тура Мұсаның өзі! – дейтін еді Латекең.

Бір жылы:

– Қазаннан жуырда хат алдым. «Моабит дәптері» деген кинофильмнің бас ролінде ойнауға лайық типаждар болса, суреттерін жіберіңіз деп қолқа салысты татар иптәшлар. Әйда, сіздің рәсіміңізді жіберейік, – деп қиылды Латекең. Мен келісім бермей, созбақтаған сайын Хамиди қайта-қайта телефон соғып, қаузай берді. Содан 1957 жылы күзде тура қарап, көлденең, қиғаш отырып түскен суреттерімді Латекең қоярда-қоймай Татарстандағы жолдас-жораларына жолдағаны бар... Менен қай бір артист шығар дейсің деп жүр едім. Айтқаным келді. Айтқанымдай, татар жігіттерінің өз ортасынан да батыр ақын роліне лайықты типаж табылмапты, фильмге орыс актері таңдалып алынғанына кейін куә болдық... Гәп Латекеңнің қазақ бауырына, ақын інісіне деген ағалық ілтипатында ғана.

Ал Латиф Хамиди қоғамдық орындардың қолқа-өтінішіне өте ұқыпты. «Балдырған» журналының заказын дер кезінде еш кідіртпей жазып беретін. Қазақ опера өнерінде Алатаудай айрықша әрі қайталанбас орны бар «Абай» операсын Латиф Хамиди мен Амет Жұбанов екеуі иін түйістіре, тізе қоса, бір адамдық тыныс-деммен қаз-қатар отырып, өте сәтті тудырғаны тарихқа аян, халыққа аян.

Хамиди Қазақстанға отызыншы жылдар басында келген. Келген бетте-ақ көптің құлағына жағар әндер жазған, сан жағынан кеп болмаса да, ондай әндері халық арасына кең тарай бастаған. Сол жайды аңғартқаны болар, Латекең бір отырыста мынадай әңгіме шерткені бар:

– Семей облысына фольклор жинастыруға бардым арнаулы экспедиция құрамында. Шыңғыстау ауданында бір колхозға тоқтадық.

– Халық арасында туған қандай жаңа әндер білесіздер десем, бір жігіт домбырасын ала салып, «Мылтығымыз оқтаулы ел қорғауға» деп аңыратып қоя берді. Латиф өз әнінің елге тарауына осылай куә болыпты.

Менің елу жасқа толуыма арналған мәжіліске арнайы кеп, Қазақстан Композиторлар одағы атынан құттықтап, Латекеңнің жылы лебіз білдіргені есімнен шығар ма?!

Тағы бір тоқайласқанда ұзақ сұқбаттастық:

– Менің музыкамда Дағыстанның да, Өзбекстанның да, Татарстанның да, Россияның да, Қазақстанның да әсем сазы тоғысып, ұштасып араласып жүруі ықтимал, – деді күліп.

– Ол жағын теоретиктер айта жатар... Ал сіз біз үшін ең алдымен қазақ жүректі композиторсыз, бізге аса ыстық туыссыз. «Қазақ вальсі» мен «Бұлбұл» біздің халықпен ғасырлардан ғасырларға ауыса бермек. Сол себепті біздің де сізге деген сүйіспеншілігіміз шексіз! Біздің мұндай сүйіспеншілігіміз өзгелерді өкпелетпес шығар! – дедім мен де.

– Иә, бізде Отан да ортақ, өнер де ортақ! – деді Латекең даусы дірілдеңкіреп.

Бұл менің Латекеңді соңғы рет көруім екен, оның есесіне ұмытылмас ұлы ағаның ән сазымен, нәзік жанымен эфирде, экранда, сахнада күн сайын жолығамыз, жолығамыз да, қазақ музыкасын өркендетуге қыруар еңбек сіңірген интернационалист өнерпазды шапағатпен еске аламыз.

*29 қараша, 1987 жыл*



# ҚАЗАҚСТАНДА БАНКТІК АЛАЯҚТЫҚ КӨБЕЮДЕ



**Несиелер біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды, күнделікті өмірде біз оқуға, сатып алуға, демалысқа, отбасылық шараларға, тіпті үйлену тойларына несие аламыз. Несие кейбір маңызды жоспарларды жүзеге асыруға, бұл өмір сүру сапасын жақсартуға, қажетті заттарды сатып алуға мүмкіндік береді: тұрмыстық техника, жиһаз, автокөлік, жер телімін, үй және т.б.**

### АЛАЯҚТАРДАН БАНКТЕР, ДҮКЕНДЕР МЕН КЛИЕНТТЕР ЗАРДАП ШЕГЕДІ

Әрине, қарызға ақша алмас бұрын, алдын ала жан-жақты ойластырып, таразылап алу керек. Осыған байланысты біз банктік несие шартының қыр-сырын жете түсініп, алты айда, бір жылда қанша несиелік пайыз болатынын және нәтижесінде қанша сома банкке төленуі керек болатынын есептеп білу үшін қаржылық сауаттылығымызды арттыруымыз керек. Несиеге байланысты сұраққа жауап беру үшін барлық шығыстарды алдын-ала есептеу керек: біздің кірістер кесте бойынша алынған несиені өтеуге және тұрақты ағымдағы шығындарды төлеуге – тамақтануға, коммуналдық қызметке, емделуге, білім алуға және т.б. жетеді ме?

Біз «өмір матрицасын» өзгертетін цифрлық дәуірге қадам бастық. Қазіргі уақытта сіз үйден шықпай-ақ коммуналдық қызметтерге төлем төлей аласыз, банктік операциялар жасайсыз, интернет-дүкендерден тауарлар сатып ала аласыз, құжаттарды электронды түрде жібере аласыз, тіпті онлайн режимінде де жұмыс жасай аласыз.



Бірақ соңғы онжылдықта жаңа банктік технологиялармен бірге бізге банктік алаяқтықтар да келді, біз олардың құрбаны болмау үшін оған дайын болуымыз керек.

Егер клиенттің банктік картасы мен телефонында банктік қосымшасы болса, онда басқа адам бұл жағдайда алаяқтықпен осы клиентке жаңа несие «жүктеп» қаражатын алып кетеді немесе депозитіндегі қаражатын иемденіп алады.

Соңғы жылдары Қазақстанда банктік алаяқтық саны көбейе түсуде. Банктік операцияларға байланысты алаяқтық істердің көптігі: кейбір банктердің қауіпсіздік қызметінің деңгейінің төмендігін, алдын-алу шараларын қолданудың жоқтығын және клиенттің жеке деректерінің қауіпсіздігінің төмендігін көрсетеді.

Қазіргі кезде қаржылық алаяқтар көп. Олардан банктер, дүкендер мен клиенттер зардап шегеді. Мысалы, несиелер – ұрланған, жоғалған және жалған жеке куәліктермен беріледі. Жыл сайын мыңдаған адамдар алаяқтардың құрбаны болып жатады. Бірақ көбісі ешқайда хабар бермейді. Жалған интернет-дүкендер де бар.

Сондай-ақ, кейбір банктер кірістерін растайтын құжаттарсыз несие бере береді, соның ішінде жұмыссыздарға, студенттерге, зейнеткерлерге және т.б.

### АЛАЯҚТАР СІЗДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗДІ ПАЙДАЛАНАДЫ

Мысалы, 15 жыл бұрын тиісті жалақысыз несие алу мүмкін емес еді. Міндетті түрде қағаз жүзінде келісімшарт жасалып, адам өз қолымен өз қолтаңбасын қоятын. Адамның өз еркімен, өзінің ақыл-ойымен несие алатынын көруге болады – мас емес, есірткінің әсерінен емес, жанында ешкім тұрмайды және оны мәжбүрлемейді. Ең бастысы, оған ешкім жалған несиені мойнына іліп қоя алмайтын.

Банктер онлайн режимінде «3 минут ішінде» несие бере бастаған кезде, шарттар жеңілдетілген кезде, оларды беру процедурасында үлкен проблемалар басталды. Проблемалық және мерзімі өткен несиелер көлемі мен алаяқтар да күрт өсті. Сонымен қатарғ, кейбір адамдар шын мәнінде өздері рәсімдемеген несиелерді алған болып шықты. Немесе банктік карталардан ақша жоғалып жатты, шын мәнінде клиент оларды алмаса да.

БАҚ Алматыда халықты микрокредиттеуге байланысты алаяқтық оқиғалары жиілеп кеткенін жазды. Киберқылмыскерлер азаматтарға онлайн-несие жасаған. Жәбірленушілер бұл туралы бірнеше айдан кейін коллекторлық агенттіктер оларды қорқыта бастаған кезде ғана білген. Мысалы, Алматы қаласының тұрғыны Александр Марченко оған несие 2020 жылдың қазан айында берілгенін білді. Анықтай келе, жазда оған Sofie Finance микрокредиттік ұйымынан несие берілген.

Несие оның ағасына да берілген. Жалпы сомасы шығындарды қосқанда 300 мың теңгеден асқан. Келісімшарттарда олардың ЖСН және жеке куәлік деректері көрсетілген. Бірақ сонымен бірге телефон нөмірлері мен тұрғылықты мекен-жайы шынымен сәйкес келмеген. Адвокат Рахман Абдрахмановтың қолындағы бар ақпаратына сәйкес, Алматы қаласының полиция департаментінде бір тергеушінің 300-ден астам осындай мәлімдемесі бар екен. Олардың барлығында онлайн-несиелер рәсімделген.

Заңгердің айтуынша, банктер мен микрокредиттік ұйымдар пайдаланушылардың жеке деректерін толықтай нақты тексеруді қамтамасыз ете алмайды.

Интернет базасынан көптеген адамдардың жеке куәлігінің көшірмесін табу қиын емес екен. Себебі қайда барсаңыз да жеке куәлігіңізді түсіруге келісесіз. Алаяқ сіздің жеке куәлігіңізге өз телефон нөмірін тіркеп, онда көрсетілген барлық деректерді микрокредиттік ұйымның сайтына енгізіп, банктік шотты көрсетуі жеткілікті. Оны онлайн режимінде де ашуға болады. Адвокаттың айтуынша, полицияда мұндай эпизодтарды тергеуге жеткілікті ресурстар жоқ.

Биылғы жылдың 8 маусымында ғана Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мадина Әбілқасымова президент Қасым-Жомарт Тоқаевты биометриямен немесе екі факторлы аутентификациямен микрокредиттер беру кезінде клиенттерді сәйкестендіру тетіктерін қатайту туралы хабардар етті. Енді клиенттерді тексермей шағын несие беруге тыйым салынады.

Тыйымның қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді, бірақ қазір кейбір банктер кіріс мөлшері расталмай-ақ миллионға дейін несие береді. Бұл жағдайды ел басшылығы байқап, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы нарығын реттейтін заңға өзгертулер енгізді. Заңға сәйкес, 2020 жылдың қаңтарынан бастап табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдарға несие беруге тыйым салынады, яғни 31 183 теңге.

Алайда, кейбір банктер осы заңсыз несиелерді беруді биыл да жалғастыруда. Кірісі дәлелдемейтін онлайн-несие беру соңғы жылдары кең таралды және алаяқтық әрекеттердің көбеюіне ықпал етті.

Мысалы, алаяқтар өзін менеджер немесе банктік қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып, басқа адамдар сіздің атыңыздан несие алмақшы деп жалған мағлұмат беріп өз құрықтарына түсіреді.

Ал ешқашан несие алмаған және оның қалай рәсімделетінін білмейтін жастар алаяқтың жеміне оңай түсіп кетуі мүмкін. Деректердің сыртқа шығып кетуі де анық. Мысалы, олар мектеп оқушыларға қоңырау соқпайды, бірақ студенттерге қоңырау шала алады – олардың банктік карталары бар. Алаяқтар кезекпен бәріне қоңырау шалмайды, бірақ тәжірибесіз жастарды, жасырақ қыздарды немесе қарт адамдарды, тіпті зейнеткерлерді таңдайды.

Алаяқтар ұялы телефон нөмірлерін қайдан алады – бұл нақты банктік қауіпсіздік мәселесі, оған нақты жауап жоқ.

### КӨП ЖАЙЫЛҒАН АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАЛАР

«Полиция банктерді түсіндіру жұмыстарына қатысуға шақырды. Жиналыста алаяқтардың құрбандарының бірі алаяқтар оны несие алуға қалай мәжбүрлегенін егжей-тегжейлі айтып берді. Жалған менеджерлердің сенімді және сауатты банктік терминдермен сөйлеуі олардың сөздерінің дұрыстығына күмәндандырмады. Олар оған фамилиясын, атын, әкесінің атын айтты. Бұл жеке мәліметтер туралы мағлұмат полицейлердің назарын аударды». Бұл Петропавлдан келген жаңалықтардан.

Міне, тағы бірнеше мысал. «Олар менің досыма қоңырау шалып, оның депозитінен 8 миллион теңге алып шықты. Келісімдерге сәйкес, егер клиент қателесіп ақшасын жоғалтса, банк оны өтемейді».

«Банктің қауіпсіздік қызметкері» студентке қоңырау шалып, алаяқтар 1 миллион теңгеге несие алуға жүгініп жатқанын және алаяқтардың алдын алу үшін банктік операцияларды жедел түрде жүргізу керек екенін айтты. Ол үшін бірнеше несие беріледі, бұл ақша алынып, QIWI Кошелек арқылы студенттің телефонына «несие төлеу үшін» жіберіледі. «Табыс» бағанында стипендия көрсетіледі – 20 мың теңге. Нәтижесінде миллион теңгеге жетпейтін ақша жоғалады, оны студент енді банкке қайтаруы керек».

Ең көп таралған схема – алаяқтар қоңырау шалып, банк қызметкері болып көрініп, клиенттің шоттарындағы ақшаның ұрланғандығы туралы хабарлайды және жедел түрде «айна шотына», «сақтандыру агентіне» немесе «сақтандыру ұяшығына» ақша аударуды ұсынады.

Алдаудың тағы бір қарапайым нұсқасы: несие сіздің атыңыздан басқа қалада ашылғандай және банктің «қауіпсіздік қызметкері» сізге бұл туралы ескертеді және ақшаның алынуын болдырмау үшін шұғыл шаралар қабылдауды ұсынады.

Алаяқ өзін банк қызметкерімін деп таныстырады және WhatsApp мессенджері арқылы клиенттің қаржылық балансын аудару туралы жалған келісім жібереді, сонымен бірге банктің логотипі мен атрибуттарын заңсыз қолданады.

Немесе қаскүнем өзін басқа қаланың сатып алушысы ретінде көрсетіп, өнімге қызығушылық танытады. Кейінірек ол сатушыны сол тауарлар мен олардың жеткізілімі үшін ақша төлеп қойғанына сендіреді. Ақша алу үшін төлем картасының реквизиттерін қажет параққа жіберуін сұрап, сілтемені көрсетеді.

Дәл осындай схема жалған сатушы зат немесе объект үшін аванстық төлем сұраған кезде және сатып алушыны жалған параққа бағыттайтын кезде қолданылады.

Осындай схема автомобильдер, жер учаскелері, пәтерлер сатылған кезде де қолданылады, ал басқа қаладан келген «сатып алушы» сатушының депозиттік шотының нөмірін сұрайды, оның толық құнын төлеймін деп. Себебі үлкен сома болғандықтан банк бұл шотқа пайыздық төлем жасамайды. Нәтижесінде депозитегі ақшадан айырылып қалуға болады.

Кейде өзін банк қауіпсіздігінің қызметкеріміз деп таныстырған алаяқтар картадағы ақшаны ұрлаудан қорғау үшін «арнайы мобильді қосымша» орнатуды сұрайды. Қосымшаны орнатқаннан кейін жәбірленушілер ақша жоғалтады.

Кейбір мәліметтерге сәйкес, алаяқтардың «банктен» жасаған қоңырауларының көп бөлігі Ресей аумағынан орыс тілінде жасалады, олар қазақша сөйлемейді, бірақ танысқанда қазақша аты-жөндерін айтады. Егер сіз қазақ тілінде жауап берсеңіз, онда алаяқтар әңгімені жалғастыра алмайды.

Сондықтан әлеуметтік желілерде және бейтаныс адамдарға жеке құжаттарыңыздың фотосуреттерін жібермеңіз. Банктік карталарыңызға қатысты ақпаратты жарияламаңыз. Ақша аудару үшін алдыңғы жағында көрсетілген 12 таңбалы нөмірді білу жеткілікті. Карточкадағы төлемдер мен басқа әрекеттерді растайтын кодтарды құпия ұстаңыз.

Егер сізде несие немесе депозит болса, «банктерден» қоңырауларға жауап бермеңіз, егер сіздің несиеңізге қатысты мәселелер туындаса, банкке өзіңіз қоңырау шалыңыз.

Шындап келгенде банктер клиенттермен ешқандай қоңыраусыз оңай жұмыс істей алады – банктен хабарламалар жіберу жеткілікті. Сонымен қатар, банк кейбір ерекше жағдайларда өте сирек қоңырау шала алады, сондықтан банктер клиенттермен қоңыраусыз жұмыс істей алады, бұл келісімшартта қарастырылуы мүмкін.

Қалай болғанда да, барлығымызға онлайн-банктегі сақтық пен сауаттылық өте қажет. Несие немесе депозит рәсімдеу кезінде, сіз алаяқтарға жол бермес үшін, смартфоныңыздағы банктің қосымшасынсыз да жасай аласыз.

**Дастан ЕЛДЕС**

**По словам Руслана Тусупбекова, это ничто иное как идеологическое воздействие на нашу республику**

**Зачем Казахстану русские центры? Таким вопросом задается казахстанский политолог Руслан Тусупбеков. В интервью Azattyq Rýhy он заявил о том, что нам не стоит переживать о сохранении русского языка в Казахстане. И уж тем более совсем необязательно привлекать к работе зарубежные фонды, в частности, Фонд «Русский мир» печально известного в Казахстане депутата Государственной думы РФ Вячеслава Никонова. При этом Руслан Тусупбеков вообще считает, что Россия в скором будущем потеряет монополию на свой родной язык, а в Казахстане может появиться свой вариант русского языка.**



# ЗАЧЕМ ОТКРЫВАТЬ РУССКИЕ ЦЕНТРЫ?

## ПОЛИТОЛОГ ВЫСКАЗАЛСЯ ПРОТИВ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРУКТУР В КАЗАХСТАНЕ



**– Руслан, большую волну возмущения в Казнете вызвала новость о том, что в Карагандинском вузе открылся русский центр. Все мы знаем, что он был открыт Фондом «Русский мир», который возглавляет небезызвестный в Казахстане депутат Государственной думы Вячеслав Никонов.**

– Я добавил бы еще к этому эпитету: ставший печально известным господин Никонов. Я напомню нашим зрителям, что в декабре прошлого года, не далее, как полгода назад, он выступил с резким заявлением в отношении Казахстана, заявив очень так безапелляционно, что у казахов никогда не было государства и Казахстан не имеет собственных земель. Ему вторил его коллега по Госдуме господин Федоров – еще один персонаж такой. Федоров вообще резко высказался. Они высказались против нашей независимости, против нашей государственности.

Отреагировали все. Министерство иностранных дел в первую очередь направил официальную ноту, был вынужден отреагировать и сам Президент господин Токаев. Естественно еще была реакция сетевого сообщества, в том числе и нас, блогеров, кто сидит активно в Фейсбуке. И когда я совершенно случайно услышал, что русский центр при Карагандинском государственном университете открыт Фондом «Русский мир», председателем правления которого является господин Никонов, то моему возмущению не было передела.

**– В чем видится угроза конкретно для Вас?**

– Я не против русских центров, не против каких-то русских образований в Казахстане – без проблем. Единственное, что этот центр открыт именно зарубежной структурой, и руководителем этой структуры является тот человек, который является, скажем так, ярым врагом казахской государственности. Вот что возмущает.

Тут еще такой вопрос, как бы вне политики. Вопрос больше из области методики преподавания, филологии, лингвистики. Почему мы эти русские центры не можем сами открывать? Согласитесь? Мы с Вами – два гражданина Казахстана – ведем интервью, надеюсь, на хорошем русском литературном (языке – AR), то есть у нас нет проблем с этим языком.

В Казахстане живет 3,5 миллиона этнических русских, которые все, безусловно, владеют своим родным языком, плюс большая часть казахов прекрасно владеет русским. 15 миллионов свободно владеют русским. Какая необходимость в этих условиях открывать русские центры, пользуясь услугами каких-то зарубежных структур. Я понимаю, если речь шла бы о кафедре африканистики, если речь шла бы о центре суахили. Да, на нем говорит 100 миллионов человек, но у нас нет специалистов, я понимаю. Что если мы из Кении вызвали бы специалистов, сказали бы, нам нужна помощь, их методическая помощь? Но в случае с русским языком какие проблемы могут быть?

**– А как Вы думаете, какая цель преследуется?**

– Цель – это идеологическое воздействие на Казахстан. Вообще я сам больше сторонник западных либеральных ценностей и против излишней государственной идеологии, против излишней идеологизации общества, потому что все мы вышли из советской шинели. Я прекрасно помню мое поколение 1974 года. Мы успели закончить школу еще при Союзе в 1991 году. Мы поколение перестроечное, когда новый «Огонек» читали в большом формате, начали читать Шаламова, Оруэлла, Булгакова изпод запрета, Солженицына и т.д.

Идеология не должна быть сильной. Но раз мы строим государство, то какая-никакая идеология должна быть и должны быть какие-то ценности, которые мы должны защищать сами. Те же ценности, связанные с образованием, культурой, наукой. Тот же самый русский язык. Речь не идет о каком-то уникальном, редком языке, речь идет о русском языке, которым мы все прекрасно владеем. Иногда даже в ущерб казахскому – да. Но это другой вопрос.

